

SC-F6300 Series

Пайдаланушы нұсқаулығы

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Seiko Epson Corporation компаниясының алдын ала жазбаша түрдегі рұқсатынсыз осы жариялымның ешқандай бөлігін көшіруге, іздеу жүйесінде сақтауға немесе кез келген түрде немесе әдіс арқылы электрондық, механикалық, фотокошірмелеу, жазу немесе басқалай таратуға болмайды. Осы құжаттағы ақпарат тек осы Epson принтерімен пайдалануға арналған. Epson компаниясы басқа принтерлерге осы ақпаратты қандай да пайдалануға жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен техникалық қызмет көрсетілмеуі және нұсқаулары мұқият орындалмауы барысында (АҚШ елінен басқасы) жазатайым оқиға, өнімді қате немесе теріс пайдалану, рұқсат етілмеген өзгерістер, жөндеулер нәтижесінде сатып алушы немесе үшінші тараптың кесірінен пайда болған зақым, залал келтірілген өнімдер немесе шығындар үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы Seiko Epson Corporation компаниясы түпнұсқалық Epson өнімдері (Original Epson Products) немесе Epson компаниясы бекіткен өнімдер (Epson Approved Products) деп белгілемеген кез келген басқа опцияларды немесе тұтынушылық өнімдерді пайдалану барысында пайда болған зақымдарға немесе мәселелерге жауапты емес.

Seiko Epson Corporation компаниясы Epson компаниясымен бекітілген өнімдер деп тағайындалмаған кез келген басқа интерфейстік кабельдерді пайдалану барысындағы электромагниттік кедергінің нәтижесінде пайда болған кез келген зақым үшін жауап бермейді.

EPSON, EPSON EXCEED YOUR VISION, EXCEED YOUR VISION және олардың логотиптері Seiko Epson Corporation корпорациясының тіркелген сауда белгілері немесе белгілері болып табылады.

Microsoft®, Windows® are registered trademarks of Microsoft Corporation.

Mac, macOS are registered trademarks of Apple Inc.

Intel® is a registered trademark of Intel Corporation.

Adobe and Reader are either registered trademarks or trademarks of Adobe Systems Incorporated in the United States and/or other countries.

YouTube® and the YouTube logo are registered trademarks or trademarks of YouTube, LLC.

Жалпы ескерту: мұнда басқа өнім атаулары тек идентификациялау мақсатында пайдаланылған және сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы сол таңбалардағы қандай да бір және барлық құқықтардан бас тартады.

© 2019 Seiko Epson Corporation. All rights reserved.

Мазмұны

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Кіріспе

Принтер бөлшектері.	6
Алдыңғы бөлік.	6
Ішкі жағы.	8
Сырғытпа.	11
Қағаз орамының адаптері.	11
Басқару тақтасы.	12
Дисплейді түсіну.	13
Мүмкіндіктер.	17
Жоғары өнімділікті жүзеге асыру.	17
Жеңіл пайдалануға ерекше көңіл бөлу	18
Басып шығарудың жоғары сапасы.	18
Пайдалану және сақтау туралы ескертпелер.	19
Орнату орны.	19
Принтерді пайдалану кезіндегі ескертпелер.	19
Принтерді пайдаланбаған кездегі ескертпелер.	20
Сия қаптамаларын және сия құтыларын қолдануға қатысты ескертулер.	21
Қағазды пайдалану туралы ескертпелер.	21
Қамтамасыз етілген бағдарламаға кіріспе	22
Берілген бағдарлама.	22
Алдын ала орнатылған бағдарлама	24
Epson Edge Dashboard бағдарламасын пайдалану.	25
Іске қосу процедурасы.	25
Жабу процедурасы.	25
EPSON Software Updater бағдарламасын пайдалану.	25
Бағдарламалық құрал жаңартуының қолжетімділігін тексеру.	25
Жаңарту ескертулерін алу.	26
Remote Manager бағдарламасын пайдалану.	26
Іске қосу процедурасы.	26
Жабу процедурасы.	26
Бағдарламаны жою.	26

Негізгі амалдар

Қағазды пайдалану туралы ескертпелер	28
Қағазды салу туралы ескертпелер.	28
Қағаз орамын жүктеу және алу.	29
Қағаз орамының адаптерін жүктеу.	29
Қағаз орамын жүктеу.	30
Қағаз орамын кесу.	31
Қағаз орамын алу.	33
Салынған қағаз параметрлері.	34
Жаңа қағаз параметрлерін тіркеу.	35
Қағаз параметрлерінің түрі және қысқаша сипаттамасы.	35
Custom Paper Setting процедурасы.	36
Қағаз параметрлерін оңтайландыру (Механизмді туралау және Қағаз беруді реттеу).	37
Басып шығару күйіндегі саңылауларды реттеу (Head Alignment).	38
Қағаз беруді реттеу.	40
Қағазды ауыстыру.	41
Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) құрылғысын (қосымша) пайдалану.	42
Дұрыс қабылдауға қатысты маңызды жағдайлар.	42
Орам өзегін бекіту.	43
Қағазды бекіту.	45
Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу.	48
Басылып шығарылатын аймақ.	50
Power Off Timer функциясын пайдаланып қуатты өшіру.	52
Басып шығаруды болдырмау.	53

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Мәзір әрекеттері.	54
Мәзір тізімі.	55
Мәзір сипаттамалары.	59
Paper мәзірі.	59
Maintenance мәзірі.	62
Setup мәзірі.	63

Мазмұны**Техникалық қызмет көрсету**

Әртүрлі техникалық қызмет жұмыстарын орындаған кезде.	69
Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету.	69
Шығын материалдарын ауыстыру және толтыру.	71
Басып шығару сапасы төмендеген кезде қызмет көрсету.	71
Қажетті нәрселер.	74
Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары.	75
Техникалық қызмет көрсетуді жүйелі түрде орындау.	76
Қақпақтарды тазалау.	76
High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиясын араластыру.	80
Білікшені тазалау.	82
Сияны толтыру.	83
Сия толтыруларға арналған уақыт аралығы.	83
Сияны қайта толтыруларға арналған процедура.	84
Қолданылған сияны тастау.	90
Дайындау және ауыстыру уақыты.	90
Қолданылған сия есептегіші.	91
Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шшшасы) құрылғысын ауыстыру.	91
Бітелген саңылауларды тазалау.	92
Тексеру үлгісін басып шығару.	93
Басып шығару.	94
Сүрткіштерді және сүрткіш тазалағыштарын ауыстыру.	95
Басып шығару басын калибрлеу.	98
Кескішті ауыстыру.	99
Басып шығару барысында қағаз беру мөлшерін реттеу.	101
Қолданылған шығын материалдарын пайдалану.	102

Мәселені шешу

Хабар көрсетілген кезде.	103
Техникалық қызмет көрсету/қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу қажет болатын жағдай.	105
Ақаулықтарды жою.	106
Басып шығару мүмкін емес (өйткені принтер жұмыс істемейді).	106

Принтерден басып шығарып жатқандай дыбыс естіледі, бірақ ештеңе басылмайды.	107
Басылған материалдар күтілгендей емес.	107
Беру немесе шығару мәселелері.	109
Басқалары.	111

Қосымша

Параметрлер және тұтынылатын өнімдер	112
.	113
Қолданылатын қағаз.	115
Принтерді жылжыту және тасымалдау.	115
Принтерді жылжыту.	115
Тасымалдау.	116
Әрбір қағаз түріне арналған қағаз параметрлері тізімі.	117
Жүйе талаптары.	118
Epson Edge Dashboard.	118
Epson Edge Print.	119
Remote Manager.	119
Техникалық сипаттамалар кестесі.	120
Ақпарат тұтынушы.	121

Анықтама алу көздері

Техникалық қолдау қызметінің веб сайты	123
Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласу.	123
Epson компаниясына хабарласудан бұрын.	123
Солтүстік Америкадағы пайдаланушыларға арналған анықтама	124
Еуропадағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	124
Тайвандағы тұтынушыларға арналған анықтама.	124
Австралиядағы/Жаңа Зеландиядағы тұтынушыларға арналған анықтама.	125
Сингапурдағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	126
Тайландтағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	126
Вьетнамдағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	127
Индонезиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	127

Мазмұны

Гонконгтағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	128
Малайзиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	128
Үндістандағы пайдаланушыларға арналған анықтама.	129
Филиппиндегі пайдаланушыларға арналған анықтама.	129


Бағдарламалық құралдың лицензиялық шарттары

БАСТАПҚЫ КОДЫ АШЫҚ БАҒДАРЛАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ.	131
Bonjour.	133
Басқа бағдарламалық құралдың лицензиялары.	138
Info-ZIP copyright and license.	138

Кіріспе

Принтер бөлшектері

Алдыңғы бөлік



1 Орам тірегі

Қағаз орамы адаптерін салғанда/алғанда және жалғағанда/ажыратқанда қағаз орамын осы жерге қойыңыз.

2 Принтер қақпағы

Бұл қақпақты принтерді тазалағанда немесе кептелістерді кетіргенде ашыңыз.

3 Қағазды шығару бағыттағышы

Қағаздың принтерден дұрыс шығуын бағыттап отырады.

4 Бұл принтерге пайдаланылмайды.

5 Айнымалы ток кірісі

Қамтамасыз етілген қуат кабелін осы жерге жалғаңыз.

Кіріспе

6 Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы)

Қолданылған сия осы шишада жиналады.

Деңгей сызыққа жеткенде жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ауыстырыңыз.

7 Стопор

Стопор қалдық сия шығарылған кезде шашырауды болдырмайды.

Жағдайлардың көпшілігінде стопорды Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) аузына жақын қойыңыз.

8 Қалдық сия түтігі

Қалдық сия осы түтіктен шығарылады. Принтерді пайдаланып жатқанда түтіктің соңы Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ішінде екенін тексеріңіз.

9 Опция порты

Автоматты созылатын белдік бөлшегіне арналған кабельді қосыңыз.

10 Дерек шамы

Желі қосылымының күйін және принтер деректерді алып жатқанын көрсету үшін деректер шамы жанады немесе жыпылықтайды.

Қосулы : Қосылған.

Жыпылықтау : Деректерді қабылдау.

11 Жергілікті желі порты

Жергілікті желі кабелін қосуға арналған.

12 Күй шамы

Түс желінің байланыс жылдамдығын көрсетеді.

Қызыл : 100Base-TX

Жасыл : 1000Base-T

13 USB порты

USB кабелін қосуға арналған.

14 Сия ыдысы

Бұл басып шығаруға пайдаланылатын сияны ұстайды.

15 Араластыру таяқшасы

Бұл тек High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиясына арналған сия құтыларына сәйкес келеді. Сия ыдысындағы сияны аптасына бір рет араластырып тұрыңыз.

Кіріспе

16 Сырғытпа

 "Сырғытпа" бетте 11

17 Қызмет көрсету қақпағы

Қақпақтарды тазалағанда немесе сүрткіштерді/сүрткішті тазалағышты ауыстырғанда ашыңыз.

18 Ескерту шамы

Бұл шам қате орын алғанда жанады немесе жыпылықтайды.

Жану/Жыпылықтау : Қате орын алды. Шамның жану немесе жыпылықтау әдісі қатенің түріне байланысты өзгеріп отырады. Басқару тақтасында қатенің сипаттамасы көрсетіледі.

Өшірулі : Қате жоқ.

19 Басқару тақтасы

 "Басқару тақтасы" бетте 12


20 Бүйір қақпағы

Чип құрылғысын ауыстырғанда сырғытпаны алу үшін осы қақпақты ашыңыз. Сырғытпаны орнатқаннан кейін бүйір қақпағының жабылғанын тексеріңіз.

21 Қағаз орамының қақпағы

Қағаз орамын қорғайтын қақпақ. Қағаз орамын жүктеуді немесе алуды қоспағанда, принтерді пайдаланғанда оны жабу керек.

Ішкі жағы



Кіріспе

1 Басып шығару механизмі

Басып шығару механизмі сия тарату кезінде солға және оңға жылжу арқылы басып шығарады. Басып шығару нәтижесі лас болса, тазалаңыз.

 [“Егер сияның тамшылары пайда болса” бетте 72](#)

2 Білікше

Бұл бөлік басып шығару үшін қағазды сорады. Айына бір рет тазалау қажет.

 [“Білікшені тазалау” бетте 82](#)

3 Роликтер

Басып шығару барысында бұл роликтер қағазды басып тұрады.

4 Сүрткіш тазалағышы

Сүрткішті тазалағыш сүрткіштен сияны кетіреді. Сүрткішті тазалағыш шығыс материалы болып табылады. Қақпақтарды тазалағаннан кейін де басып шығару нәтижесінде көлденең сызықтар болса немесе түстері дұрыс болмаса, оны ауыстыру қажет.

 [“Көлденең сызықтар шыққан немесе түстер дұрыс емес болған кезде” бетте 71](#)

5 Сору қақпақтары

Бұл қақпақтар басып шығару механизмінің саңылауларындағы сияны сорып алады. Сору қақпақтарының ішкі жағын ұстамаңыз. Бөлік зақымдалып және енді қақпақты дұрыс орындау мүмкін болмайды. Аптасына бір рет тазалау қажет.

 [“Қақпақтарды тазалау” бетте 76](#)

6 Құрғауға қарсы қақпақтар

Бұл қақпақтар басып шығару кезінен басқа уақытта құрғаудың алдын алу үшін басып шығару механизмінің саңылауларын жабады. Аптасына бір рет тазалау қажет.

 [“Қақпақтарды тазалау” бетте 76](#)

7 Сүрткіш

Сүрткіш басып шығару механизмінің саңылауларынан сияны кетіреді. Сүрткіш шығыс материалы болып табылады. Қақпақтарды тазалағаннан кейін де басып шығару нәтижесінде көлденең сызықтар болса немесе түстері дұрыс болмаса, оны ауыстыру қажет.

 [“Көлденең сызықтар шыққан немесе түстер дұрыс емес болған кезде” бетте 71](#)

8 Орамды құлыптау тұтқасы

Орамды адаптер ұстағышына бекіткеннен кейін қағаз орамын орнында құлыптайтын тұтқа.

9 Адаптер ұстағышы

Қағаз орамын бекіткеннен кейін осы ұстағышқа қағаз орамының адаптері қойылады.

Кіріспе

10 Адаптер бағыттағыштары

Қағаз орамын бекітуге арналған бағыттағыштар. Адаптер ұстағышына бекіту үшін орамды осы бағыттағыштар бойымен жылжытыңыз.


 [“Қағаз орамын жүктеу” бетте 30](#)

11 Қағаз саңылауы

Қағаз орамымен басып шығарғанда қолданылатын қағаз саңылауы.

Кіріспе

Сырғытпа



1 Сырғытпа

Сия орамымен бірге келген чип құрылғысын бекітіңіз.

👉 "Сияны толтыру" бетте 83

2 Сия енгізу қақпағы

Сия құтысына сияны толтырғанда осыны ашыңыз.

3 Чип құрылғысы


IC чипі — кірістірілген құрылғы.

Ол сия қаптамасына қосылған.

Қағаз орамының адаптері

Қағаз орамын принтерге жүктегенде қамтамасыз етілген қағаз орамының адаптерін пайдаланыңыз.

👉 "Қағаз орамын жүктеу" бетте 30



1 Адаптерді құлыптау тұтқасы


Құлпын ашу үшін көтеріңіз, құлыптау үшін төмендетіңіз. Қағаз орамын адаптерге бекіткенде құлпын ашыңыз, орама бекітілгеннен кейін құлыптаңыз.

2 Өлшем тұтқасы

Орам өзегінің өлшеміне сай орналастырыңыз.

Кіріспе

Басқару тақтасы



1 **түймешігі (қуат түймешігі)**

Қуатты қосады және өшіреді.

2 **шам (қуат шамы)**

Принтердің операциялық күйі шам немесе жыпылықтау шамы арқылы көрсетіледі.

Қосулы : Қуат қосулы.

Жыпылықтау : Принтер жұмысты аяқтау барысында деректерді қабылдайды немесе механизмді тазалайды, болмаса басқа операцияларды орындайды.

Өшірулі : Қуат өшірулі.

3 **түймесі (Қағазды салу/алу түймесі)**

Бұл түймені бассаңыз, Load/Remove Paper мәзірін көрсетіледі. Қағазды жүктеу немесе алу туралы нұсқауларды **Remove Paper** немесе қазіргі уақытта жүктелген қағаз түрін бөлектеу, содан кейін OK түймесін басу арқылы көрсетуге болады. Қағазды жүктеу немесе алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

4 **Дисплей**

Принтер күйін, мәзірлерді, қате хабарларды т.б. көрсетеді. ["Дисплейді түсіну" бетте 13](#)

5 **Menu түймесі**

Дисплейде қазіргі уақытта таңдалған қойынды үшін мәзірді көрсетеді.

["Басқару тақтасы мәзірін пайдалану" бетте 54](#)

6 **түймесі (артқа түймешігі)**

Егер мәзірлер көрсетілсе, бұл түймені басу мәзір иерархиясында бір деңгей жоғары өткізеді. ["Мәзір әрекеттері" бетте 54](#)

7 **түймелері (сол және оң көрсеткі түймелері)**

Бұл түймелерді қойындыларды таңдау үшін пайдаланыңыз. Таңдалған қойынды бөлектеледі және таңдалған қойынды үшін ақпараттық дисплей аумағының мазмұны жаңартылады.

["Дисплейді түсіну" бетте 13](#)

Егер мәзірлер көрсетілсе, бұл түймелерді пайдаланып **Setting Name** немесе **IP Address** сияқты элементтер үшін мәтінді енгізу кезінде жүргіні орналастыру немесе таңбаларды жою үшін пайдалануға болады.

8 **түймелері (жоғары және төмен түймелер)**

Мәзірлер көрсетілсе, бұл түймелерді элементтерді немесе опцияларды бөлектеу үшін пайдалануға болады. ["Мәзір әрекеттері" бетте 54](#)

Кіріспе

9 OK түймесі

- ❑ Дисплейде қазіргі уақытта таңдалған қойынды үшін мәзірді көрсетеді.
📖 "Басқару тақтасы мәзірін пайдалану" бетте 54
- ❑ Мәзірлер көрсетілген және элемент бөлектелген болса, бұл түймені басып бөлектелген элемент үшін ішкі мәзірді көрсетеді.
- ❑ Мәзір ішінде параметр таңдалған кезде басылса, параметр орнатылады немесе орындалады.

10 [?] түймесі

- ▲ қойындысына арналған ақпаратты көрсету аймағын көрсетеді.

11 A>A түймесі (қызмет көрсету түймесі)

Саңылауларды тексеру және басып шығару механизмін тазалау үшін пайдаланылатын Maintenance мәзірін көрсетеді.

📖 "Бітелген саңылауларды тазалау" бетте 92


12 II-III түймесі (кідіру/бас тарту түймесі)

- ❑ Басып шығару кезінде мұны бассаңыз, принтер кідірту күйіне енеді. Кідірту күйін босату үшін II-III түймесін қайтадан басыңыз немесе экранда **Pause Cancel** пәрменін басыңыз, содан кейін OK түймесін басыңыз. Өңделіп жатқан баспа тапсырмаларын болдырмау үшін экранда **Job Cancel** пәрменін таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
- ❑ Мәзірлер көрсетіліп тұрғанда бұл түймені басып мәзірлерді жабады және принтерді дайын күйге қайтарады.

13 >L түймесі (Қағаз беру/кесу түймесі)

- ❑ Бұл түйме тек қағаз орамы үшін пайдаланылады.
- ❑ Ол бекітілген кескішті пайдаланып қағаз орамын қолмен кесу үшін пайдаланылады.
📖 "Қолмен кесу әдісі" бетте 32
- ❑ Егер қазіргі уақытта басып шығару орындалып жатпаса және принтерге қағаз орамы жүктелген болса, алдымен осы түймені, содан кейін ▼ түймесін басып арқылы қағазды алдын ала беруге болады. Артқа айналдыру үшін ▲ түймесін басыңыз. ▼ түймесін басып 3 м-ге дейін қағазды алыңыз. ▲ түймесін басып, 20 см-ге дейін қағазды артқа айналдырыңыз. Қағаз орамын артқа айналдыру үшін ▲ түймесі пайдаланылса, қағаз орамның соңы бастапқы басып шығару орнына жеткенде кідіреді. Түймешікті жіберіңіз, содан кейін жалғастыру үшін қайтадан басыңыз.

Дисплейді түсіну



1 Хабарлар

Принтер күйін, операцияны және қате хабарларды көрсетеді.

📖 "Хабар көрсетілген кезде" бетте 103

2 Басып шығару кезіндегі Paper Feed Adjust туралы ақпарат

Реттеу мәні басып шығару кезінде енгізілген кезде көрсетіледі.

📖 "Басып шығару барысында қағаз беру мөлшерін реттеу" бетте 101

Кіріспе

3 Қойындылар/ақпараттық дисплей аумағы

Қойынды/ақпараттық аймағы төменде көрсетілген қойындыларды қамтиды.

Қойындыны таңдау үшін ◀/▶ түймелерін пайдаланыңыз.

Таңдалған қойындыдағы ақпарат ақпараттық дисплей аумағында көрсетіледі.

☰ : Басып шығару кезектері қойындысы

Бұл қойынды басып шығару жұмыстарының күйін көрсетеді.

Ақпараттық дисплей аумағы

Басып шығарылған жұмыстардың атауларын көрсетеді.

📄 : Қағаз қойындысы

Бұл қойынды енгізілген қағаз күйі мен Paper мәзірін көрсетеді.

Ақпараттық дисплей аумағы

Салынған қағаз жөніндегі ақпаратты көрсетеді. Орам пайдаланылса, ол сонымен бірге орамның енін көрсетеді. Сонымен қатар, **Roll Paper Remaining** параметрі **On** күйінде болса, ол қалған қағаз орамының мөлшерін көрсетеді. Қалған қағаз мөлшері **Remaining Alert** үшін таңдалған мәннен кем болса, қойынды белгішесінің үстінде ⚠ белгішесі және принтердегі орам таусылуға жақын екенін ескертетін төмендегідей ескерту пайда болады.



Paper мәзірін көрсету үшін бұл қойындыны таңдағанда OK түймесін немесе мәзір түймесін басыңыз.

📖 "Paper мәзірі" бетте 59


💧 : Сия қойындысы

Принтерге бекітілген сияның есептелген мөлшері және чип құрылғысының күйі көрсетіледі.

Ескерту немесе қате пайда болса, дисплей төменде көрсетілгендей өзгереді.


Қалыпты

Ескерту немесе қате пайда болу барысында




1 Күй көрсеткіштері

Сияның мөлшерін есептейтін және көрсететін чип құрылғысының күйі және индикаторлар келесідей көрсетіледі.

 : Сия құтысында ақаусыз басып шығаруға сия жеткілікті екені есептелді.

Индикатор деңгейлерінің саны сияның есептелген мөлшеріне сәйкес азаяды.

 : Сияның мөлшері төмен деп есептеледі.
Жаңа сия қаптамасын дайындаңыз.

Кіріспе



: Сияның есептелген мөлшері оның шектеулеріне жақын. Қалған сия мөлшерін тексеріңіз, егер сия деңгейі метал пластинаның үстіңгі ернеуінен төмен болса (50 мм немесе одан да төмен), чип-бөлікті ауыстырып, сияны бір сия қаптамасымен толтырыңыз. Егер қалған сия сия құтысының төменгі жағынан 50 мм-ден көп болса, принтерді ауыстыру және толтыру алдында 50 мм-ден төмен болғанша пайдалануды жалғастырыңыз.



: Басып шығару тоқтады, себебі есептелген сияның мөлшері оның шектеулеріне жетті.

Чип құрылғысын ауыстырып, сияғы бір сия қаптамасын толтырыңыз.

Индикаторлардың төменгі жағы чип құрылғысының күйіне сәйкес төменде көрсетілгендей өзгереді.



: Автоматты толтыруға * арналған чип құрылғысы бекітілген.

Сондықтан сияның белгіленген мөлшері төмен болған кезде, ескерту пайда болмайды. Егер қалған сия мөлшері метал пластинаның үстіңгі ернеуінен төмен болса (50 мм немесе одан да төмен), сияны бір сия қаптамасымен толтырыңыз.



: (жыпылықтағанда)

Бекітілген автоматты толтыруға арналған чип* алынды.

Чип құрылғысы бар сырғытпа орнатылып, бүйір қақпағы жабулы болса, белгіше қалыпты күйде көрсетіледі.

Сіз алған чип құрылғысы жаңа сияқты жақсы жағдайда.



: Бүйір қақпағы ашық болғандықтан автоматты толтыруды орындау мүмкін емес. Бүйір қақпағын жабыңыз.



/ Бұл келесі күйлердің біреуіне қатысты.

: Чип құрылғыны дұрыстап бекітіңіз немесе оны дұрыс чип құрылғымен ауыстырыңыз.

- Чип құрылғысы қате орнатылды.
- Сия құтысынан өзге түстегі сия қаптамасына арналған чип құрылғысы бекітілген.
- Осы принтермен үйлесімді емес сия қаптамасына арналған чип құрылғысы бекітілген.

Кіріспе

* Чип құрылғысы принтерге бекітілгенде, жаңа чип құрылғысына тіркелген сия қаптамасындағы сияның қолжетімді мөлшері туралы ақпарат принтерге автоматты түрде жазылады. Чип құрылғысы туралы ақпаратты принтерге жазу — “толтыру” деп аталады. Толтыру аяқталғанда, индикатор деңгейлері толып, толтыру күйінің белгішесі сұр болып жанады. Толтырудан кейін чип құрылғысын принтерден алып басқасына ауыстырсаңыз, индикатор деңгейі 0-ге жеткенде автоматты толтыру іске қосылады. Автоматты толтыруды орындау үшін жаңа чип құрылғысын принтерге орнату “Сақтау” деп аталады. Сияның есептелген мөлшеріне арналған индикатордың деңгейі 1–6 мән аралығында болса, сақтауды кез келген уақытта орындауға болады.

2 Сия түсінің кодтары

HDK* : High Density Black (Тығыздығы жоғары қара)

BK* : Black (Қара)

Y : Yellow (Сары)

M : Magenta (Алқызыл)

C : Cyan (Көкшіл)

* Сатып алған кезде таңдалған сия түсін көрсетеді.

¶: Техникалық қызмет көрсету қойындысы


Бұл қойынды Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) күйін және Maintenance мәзірін көрсетеді.

Ақпараттық дисплей аумағы

Белгішелер Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ішіндегі қолжетімді бос орынның шамасын және күйін көрсетеді. Қолданылған сия шишасы толуға жақындағанда немесе қате орын алғанда белгішелер төмендегідей өзгертіледі.


Қалыпты


Ескерту немесе қате




1 Күй көрсеткіштері

Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) күйі төмендегідей көрсетіледі.

 : Қате жоқ. Қолжетімді бос орын мөлшерін көрсету үшін индикатор өзгереді.

 : Жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) дайындаңыз, ағымдағы бөтелкеде жеткілікті бос орын жоқ.

 : Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ішіндегі қолжетімді бос орын мөлшері минималды шектен төмендеді. Жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) бөтелкесіне ауыстырыңыз.

Бұл қойынды Maintenance мәзірін көрсету үшін таңдалған кезде ОК түймесін немесе мәзір түймесін басыңыз.

 “Maintenance мәзірі” бетте 62

Кіріспе

: Реттеу қойындысы

Бұл қойынды IP мекенжай мен бас мәзірлердің түр-түрін көрсетеді.

Ақпараттық дисплей аумағы

Біреуі орнатылғаннан кезде IP мекенжайды көрсетеді.

Бұл қойынды Setup мәзірін көрсетуге таңдалған кезде ОК түймесін немесе мәзір түймесін басыңыз.

 ["Setup мәзірі" бетте 63](#)

Мүмкіндіктер

Осы принтердің негізгі мүмкіндіктері төменде сипатталған.

Жоғары өнімділікті жүзеге асыру

Жоғары жылдамдықпен басып шығару

Басып шығару механизмінің және қағаз берудің жылдамдығы тезірек басып шығару үшін арттырылды.

Принтер жылдам кесу үшін жылдамдығы жоғары айналмалы кескішпен жабдықталған, бұл өнімділікті айтарлықтай арттырады.

Көру және пайдалану оңай түсті экран арқылы жақсартылған пайдалану

Интуитивтік пайдалануға арналған үлкен, жарық, түсті СК дисплейді түсіну және пайдалану оңай.

Үлкен дисплей толық, түсінуге оңай қате туралы хабарларды және қағазды жүктеу туралы суреттері бар нұсқауларды ұсынады.

 ["Дисплейді түсіну" бетте 13](#)

Ескерту шамының арқасында тіпті алыстан да ағымдағы жұмыс күйін тексеру

Үлкен, жақсы көрінетін ескерту шамының арқасында қателер тіпті қашықтықтан да бірден көрінеді. Бұл сия немесе қағаз бітуіне байланысты басып шығару тоқтаған кезде уақытты ысыраптауды болдырмауға мүмкіндік береді.

Үлкен сыйымдылықты сия құтысы орнатылған

Жоғары өнімділікке қол жеткізу үшін үлкен сыйымдылықты сия құтысы орнатылады. Сия қаптамасын 1100 мл-лік үлкен көлемде де толтыруға болады. Сия картридждерін жиі ауыстыру туралы көп мазаламайды.

Жеңіл пайдалануға ерекше көңіл бөлу

Шпинделі жоқ қағаз орамының адаптері қағаз орамын бір сәтте жүктеуге мүмкіндік береді

Шпиндельдің болмауы тіпті бос орын құнды орталарда да қағаз орамын жүктеуге және алуға мүмкіндік береді.

Қағаз орамын жүктеу үшін жай орам тірегіне қойыңыз және екі соңына қағаз орамының адаптерлерін бекітіңіз. Ролик тірегі төмен, бұл тіпті бойы аласа жұмысшыларға да қағазды жүктеуді оңай етеді.

 [“Қағаз орамын жүктеу” бетте 30](#)

Техникалық қызмет көрсетудің оңайлығы

Қағаз орамын салу, сия толтыру және Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) бөтелкесі мен кескіштерді ауыстыру сияқты барлық техникалық қызмет көрсету процедуралары алдыңғы немесе бүйір жағынан іске асырылады, бұл принтерді қабырғаның жанына қоюға мүмкіндік береді. Артына қол жеткізу үшін принтерді жылжыту қажеттілігі болмайды.

Head Maintenance Kit (Басып шығару механизмінің техникалық жинағын) жинағын дайындаңыз

Басып шығару механизмін қазір тазалай аласыз. Егер басып шығару механизмін тазалағаннан кейін басып шығару нәтижелерінде тамшылар болса, басып шығару механизмін Head Maintenance Kit (Басып шығару механизмінің техникалық жинағын) жинағын пайдаланып тазалаңыз. Бұл жинақ басып шығару механизмінің ішіндегі саңылаулардың бетіне жабысып қалған талшықтарды алып тастай алады.

 [“Басып шығару басын калибрлеу” бетте 98](#)

Басып шығарудың жоғары сапасы

Жаңадан жасалған Black (Қара) сиясын беру

High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиясының дамуы Black (Қара) сиямен салыстырғанда қоюырақ, тереңірек қара түс беріп қара түстің тығыздығын жетілдірді. Оған қоса, қалың контрасттарды жасау үшін қанық түстерді жасау арқылы түс гаммасы кеңейтілді.

Принтерді сатып алғанда High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) немесе Black (Қара) түсті сияның Black (Қара) түсі ретінде таңдаңыз. Қолданыстағы Black (Қара) сия түрін өзгерткен кезде, сия ыдысын тек қызмет көрсету инженері ауыстыру керек. Black (Қара) сияны өзгерту ақылы.


Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.


Пайдалану және сақтау туралы ескертпелер

Орнату орны

Қағазды шығаруға және шығын материалдарын ауыстыруға кедергі келмеуі үшін өту орнын кез келген басқа заттардан тазалаңыз.


Принтердің сыртқы өлшемдерін “Техникалық сипаттамалар кестесі” ішінен қараңыз.

 [“Техникалық сипаттамалар кестесі” бетте 120](#)



Принтерді пайдалану кезіндегі ескертпелер

Бұзылуларды, дұрыс емес жұмыс істеуді және басып шығару сапасының төмендеуін болдырмау үшін осы принтерді пайдаланған кезде мыналарды ескеріңіз.

- ❑ Принтерді пайдалану кезінде “сипаттамалар кестесі” бөлімінде сипатталған жұмыс істеу температурасын және ылғалдылық ауқымын бақылаңыз.  [“Техникалық сипаттамалар кестесі” бетте 120](#) Тіпті жоғарыдағы шарттар орындалса да, қоршаған орта жағдайлары қағаз үшін қолайсыз болса, дұрыс басып шығару мүмкін болмауы мүмкін. Принтерді қағаз

талаптары орындалатын ортада пайдаланыңыз. Қосымша мәліметтер алу үшін қағазбен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Сондай-ақ, құрғақ аймақтарда, кондиционер бар ортада немесе тік күн сәулесінің астында пайдаланғанда тиісті ылғалдылықты сақтаңыз.

- ❑ Жұмыс орнының таза болуын тексеріңіз. Принтердің ішіне шаң немесе талшықтар кірсе, принтер бұзылып, басып шығару механизмінің саңылаулары бітеліп қалуы немесе қағаз беру сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.
- ❑ Принтерді тікелей ысыту көзі бар немесе желдеткіш пен салқындатқыштардан тікелей жел үрлейтін орындарда пайдаланбаңыз. Басып шығару механизмінің саңылаулары құрғап, бітеліп қалуы мүмкін.
- ❑ Принтерді жеткілікті түрде желдетілетін орында пайдаланыңыз.
- ❑ Қателер орын алса және принтер алдымен қатені шешпей өшірілсе, басып шығару механизмі жабылмауы мүмкін (яғни, оң жаққа қарай жылжымауы мүмкін). Жабу — басып шығару механизмінің құрғауын болдырмау үшін басып шығару механизмін қақпақпен автоматты түрде жабу функциясы. Бұл жағдайда қуатты қосыңыз және жабу автоматты түрде орындалғанша күтіңіз.
- ❑ Қуат қосулы кезде қуат ашасын суырмаңыз немесе өшіргіштің қуатын өшірмеңіз. Басып шығару механизмі дұрыс жабылмауы мүмкін. Бұл жағдайда қуатты қосыңыз және жабу автоматты түрде орындалғанша күтіңіз.
- ❑ Қолданылған сия түтікшесін бүкпеңіз немесе тартпаңыз. Сия принтердің ішіне немесе сыртына төгілуі мүмкін.

Кіріспе

- ❑ Басып шығару кезінде жұмсалудан қатар, сия басып шығару механизмін жұмыс істейтін күйде сақтау үшін басып шығару механизмін тазалау және басқа техникалық қызмет көрсету үшін пайдаланылады. Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) принтер қосылған жерде орналасқанын тексеріңіз.
- ❑ Басып шығаруға қажетті түстерді қамтамасыз ету үшін 15–25 °C аралығындағы бөлме температурасын сақтаңыз.

Принтерді пайдаланбаған кездегі ескертпелер

Егер пайдаланып жатпасаңыз, принтерді сақтауға қойғанда мыналарды ескеріңіз. Егер сақтауға дұрыс қойылмаса, келесі пайдаланғанда дұрыс басып шығару мүмкін болмауы мүмкін.

- ❑ Егер ұзақ уақыт бойы басып шығармасаңыз, басып шығару механизмiнiң саңылаулары бiтелуi мүмкiн. Басып шығару механизмiнiң бiтелуiн болдырмау үшін принтердi кемiнде екi апта сайын қосыңыз. Принтер қосулы кезде басып шығару механизмiн тазалау автоматты түрде орындалады. Тазалау аяқталғанша принтердi өшiруге болмайды. Принтердi қосусыз тым ұзақ уақыт бойы қалдыру дұрыс емес жұмыс iстеуге әкелуi мүмкiн. Егер жөндеу жұмыстары қажет болса, олар тегiн орындалады.
- ❑ Принтер 2 аптадан артық пайдаланылмағанда, қызмет көрсету инженерi алдын ала және кейiнгi техникалық қызмет көрсету әрекеттерiн орындауы қажет. Алдын ала және кейiн техникалық қызмет көрсету әрекеттерi үшін бөлек ақы алынады. Сондай-ақ, қоршаған ортаға және сақталған уақыттың ұзындығына байланысты, алдын ала техникалық қызмет көрсету орындалса да, алдын ала техникалық қызмет көрсету барысында жөндеу жұмыстары қажет болуы мүмкiн.

Егер жөндеу жұмыстары қажет болса, олар тегiн орындалады. Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметiне хабарласыңыз.

- ❑ Ролик принтер iшiнде қалған қағазда iз қалдыруы мүмкiн. Сондай-ақ, бұл толқынды немесе оралған қағазға әкелiп, қағазды беру мәселелерiне әкелуi мүмкiн немесе басып шығару механизмiне сызық түсуi мүмкiн. Сақтауға қойған кезде қағазды алыңыз.
- ❑ Принтердi басып шығару механизмi жабылғанын (басып шығару механизмi ең шеткi оң жақта орналасқан) тексергеннен кейiн сақтауға қойыңыз. Егер басып шығару механизмi ұзақ уақыт бойы жабылмаған болып қалдырылса, басып шығару сапасы төмендеуi мүмкiн.

Ескертпе:

Егер басып шығару механизмi жабылмаған болса, принтердi қосыңыз, содан кейiн өшiрiңiз.

- ❑ Принтерде шаңның және басқа бөгде заттардың жиналуын болдырмау үшін сақтауға қоймай тұрып бүкiл қақпақтарды жабыңыз. Егер принтердi ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, принтердi шаң баспауы үшін антистатикалық шүберекпен немесе жабынмен жабыңыз. Басып шығару механизмiнiң саңылаулары өте кiшкентай және басып шығару механизмiне майда шаң кiрсе оңай бiтелуi мүмкiн және дұрыс басып шығара алмауыңыз мүмкiн.
- ❑ Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау кезеңiнен кейiн қосқанда, принтер басып шығару сапасын қамтамасыз ету үшін басты тазалауды автоматты түрде орындауы мүмкiн. Басып шығару механизмiн тазалау шамамен 10–15 минуттан кейiн бiтедi.

Сия қаптамаларын және сия құтыларын қолдануға қатысты ескертулер

Сия қаптамаларын және сия құтыларын қолданғанда келесілерді ескеріңіз.

- ❑ Сия құтыларын алып тастамаңыз. Оларды алып тастау сапаны және өнімділікті нашарлатуы мүмкін.
- ❑ Сия қаптамаларын тікелей күн түспейтін орында бөлме температурасында сақтаңыз.
- ❑ Басып шығару сапасын сақтау үшін құтыдағы барлық сияны келесі күнге дейін пайдаланыңыз:
 - ❑ Аяқталу мерзімі сия қаптамасына көрсетіледі
 - ❑ Сия құтысы толғаннан кейін 25 күн
- ❑ Төмен температурада ұзақ уақыт сақталған сия құтылары пайдаланудың алдында төрт сағаттан артық уақытқа бөлме температурасына қойылуы қажет.
- ❑ Сия құтысына сияны толтырғанда сия қаптамасындағы бүкіл сияны түгел алыңыз.
- ❑ Сия қаптамасы ашылғаннан кейін сия құтысын дереу толтырыңыз.
- ❑ Сия ыдысына заттар қоймаңыз немесе сия ыдысына қатты соққылардың әсерін тигізбеңіз. Сия құтысы ажыратылып қалуы мүмкін.
Егер сия құтысы ажырап қалса, дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- ❑ High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) және Black (Қара) сиялар араласатын болса, пайдаланбаңыз. Қолданыстағы Black (Қара) сия түрін өзгерткен кезде, сия ыдысын тек қызмет көрсету инженері ауыстыру керек. Black (Қара) сияны өзгерту ақылы. Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Қағазды пайдалану туралы ескертпелер

Қағазды пайдалану және сақтау кезінде мыналарды ескеріңіз. Егер қағаздың күйі жақсы болмаса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін.

Әр қағазбен бірге берілетін құжаттаманы тексеріңіз.

Пайдалану туралы ескертпелер

- ❑ Қағазды бүкпеңіз немесе қағаз бетіне сызық түсірмеңіз.
- ❑ Қағаздың басылатын бетін қолмен ұстамаңыз. Қолдардағы ылғал және май басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін.
- ❑ Қағазды шеттерінен ұстаңыз. Мақтадан жасалған қолғап кию ұсынылады.
- ❑ Қағазды ылғалдандырмаңыз.
- ❑ Қағаз орамын лақтырмаңыз, себебі оны қағазды сақтау үшін пайдалануға болады.
- ❑ Тік күн сәулесі, шамадан тыс қызу немесе ылғалдылық әсер ететін орындарға қоймаңыз.
- ❑ Пайдаланылып жатпаған қағаз орамын принтерден алыңыз. Оны дұрыстап қайта ораңыз, содан кейін қағаз орамының бастапқы орамында сақтаңыз. Егер қағаз орамын принтерде ұзақ уақытқа қалдырсаңыз, оның сапасы төмендеуі мүмкін.

Кіріспе

Қамтамасыз етілген бағдарламаға кіріспе

CD дискілерінің келесі 2 түрі осы принтермен бірге беріледі.

- ❑ Бағдарламалық құралдың дискісі
Берілген бағдарламаның сипаттамаларын келесі кестеден қараңыз.
- ❑ Epson Edge Print дискі
Epson Edge Print түсінуге оңай операциялармен оңай пайдалануға болатын RIP бағдарламасы болып табылады.
Бағдарламаны орнату әдісін *Орнату нұсқаулығы* (кітапша) құжатын қараңыз.
Функциялар туралы мәліметтер алу үшін онлайн анықтаманы қараңыз.

Берілген бағдарлама

Келесі кестеде берілген бағдарлама көрсетілген.

Windows нұсқалары берілген бағдарлама дискінде қамтылған. Егер Mac немесе диск салғышы жоқ компьютерді пайдаланып жатсаңыз, келесі сілтемеден бағдарламалық құралды жүктеп алып, орнатуға болады: <https://epson.sn>.

Бағдарламалық құрал туралы ақпарат алу үшін қолданбаға арналған онлайн анықтамалығын немесе *Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау* (Онлайн нұсқаулық) нұсқаулығын қараңыз.

Ескертпе:

Принтер драйверлері бірге берілмейді. RIP бағдарламасы басып шығару үшін қажет. Epson Software RIP, "Epson Edge Print" бағдарламасы осы принтерде бөлек CD дискісінде берілген.

Epson веб-сайты принтерге арналған жалғанатын бағдарламалармен қамтамасыз етеді.


Кіріспе

Бағдарламаның атауы	Жиынтық мәліметтер
Epson Edge Dashboard	<p>Орнатылғаннан кейін ол резиденттік бағдарлама ретінде жұмыс істейді. Epson Edge Print ішіндегі басып шығару параметрлері файлын (EMX) таратады немесе жаңартады, және де тіркелген принтерлердің күйі туралы хабарламалар жібереді. Қолдауы бар Epson принтерлеріне келесі бақылау әрекеттерін де орындай аласыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> ❑ Интернетте Epson компаниясы қамтамасыз ететін келесі әртүрлі ақпаратты оңай алуға болады. <ul style="list-style-type: none"> ❑ Басып шығару параметрлері файлдары (EMX) ❑ Принтердің тұрақты бағдарламаларына арналған жаңарту ақпараты (тұрақты бағдарламаны Epson Edge Dashboard панелінен оңай жаңарта аласыз) ❑ Берілген бағдарлама дискінен және орнату навигаторынан орнатылған бағдарлама мен пайдалану нұсқаулықтарына арналған ақпаратты жаңарту (жаңарту ақпаратын алған кезде бағдарламаны EPSON Software Updater жаңартқышын қосу арқылы тез арада жаңарта аласыз) ❑ Epson компаниясынан алынған ақпарат ❑ Желі немесе USB байланысы арқылы орнатылған Epson Edge Dashboard бағдарламасының көмегімен компьютерге жалғанған принтер күйін бақылай аласыз. ❑ Компьютерден қағаз параметрлерін оңай жасауға, өзгертуге және принтерге жазуға болады. <p>☞ “Іске қосу процедурасы” бетте 25</p> <p>☞ “Жабу процедурасы” бетте 25</p>
EPSON Software Updater	<p>Бағдарлама интернетте жаңа бағдарлама немесе жаңарту ақпараты бар-жоғын іздейді және оны орнатады. Сондай-ақ, принтерге арналған нұсқаулықтарды, Epson Edge Dashboard және Epson Edge Print бағдарламаларын жаңарта аласыз.</p>
Epson Control Dashboard, Epson Edge Print қолданбасын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда, Epson байланыс драйверлері (Тек Windows)	<p>Epson Control Dashboard, Epson Edge Print қолданбасын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда, Epson байланыс драйверлері Epson Edge Dashboard, Epson Edge Print бағдарламаларын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда қажет. Бұл орнатылғанын тексеріңіз.</p>
EpsonNet Config SE	<p>Бұл бағдарлама көмегімен принтердің әр түрлі желілік параметрлерін компьютерден реттеуге болады. Бұл — ыңғайлы, өйткені мекенжайларды және атауларды пернетақтаны пайдаланып енгізуге мүмкіндік береді.</p>

Кіріспе

Алдын ала орнатылған бағдарлама

Бұл бағдарлама принтерге алдын ала орнатылған. Оны желі арқылы веб-шолғыштан іске қосуға болады.

Бағдарламаның атауы/қызметі	Қызметі
Remote Manager	Желілік параметрлерді Remote Manager бағдарламасынан жасай аласыз. Сонымен қатар, бұл принтерде қателер және соған ұқсас нәрселер болғанда сізге электронды хабарлама жіберетін қызметі бар.  "Remote Manager бағдарламасын пайдалану" бетте 26

Epson Edge Dashboard бағдарламасын пайдалану


Іске қосу процедурасы

Epson Edge Dashboard – веб қолданба.

- 1 Бұл қолданба келесі әдістің бірімен қосылады.

Windows

- Жұмыс үстеліндегі **Epson Edge Dashboard** белгішесін екі рет басыңыз. Қолданба орнатылған кезде **Epson Edge Dashboard** белгішесі пайда болады.



- **Start (Бастау) > All Programs (Барлық бағдарламалар)** (немесе **Programs (Бағдарламалар)**) > **Epson Software > Epson Edge Dashboard** түймелерін басыңыз.

Mac OS X

- Құжатта Epson Edge Dashboard белгішесін басыңыз. Қолданба орнатылған кезде Epson Edge Dashboard белгішесі пайда болады.



- **Applications (Қолданбалар) — Epson Software — Epson Edge Dashboard — Epson Edge Dashboard** белгішелерін екі рет басыңыз.

- 2 Epson Edge Dashboard қолданбасы қосылады.

Толығырақ ақпарат алу үшін Epson Edge Dashboard анықтамалығына хабарласыңыз.

Жабу процедурасы

Веб-браузерді жабыңыз.

EPSON Software Updater бағдарламасын пайдалану

Бағдарламалық құрал жаңартуының қолжетімділігін тексеру

- 1 Келесі күйді тексеріңіз.
 - Компьютер Интернетке қосылған.
 - Принтер мен компьютерді байланыстыруға болады.

- 2 EPSON Software Updater қолданбасын іске қосу.

Windows 8.1/Windows 8

Іздеу белгісіне бағдарламалық құрал атауын енгізіп, көрсетілген белгішені таңдаңыз.

Windows 8.1/Windows 8 нұсқаларынан басқа

Start (Бастау) > All Programs (Барлық бағдарламалар) (немесе **Programs (Бағдарламалар)**) > **Epson Software > EPSON Software Updater** түймелерін басыңыз.

Mac OS X

Move (Жылжу) — Applications (Қолданбалар) — Epson Software — EPSON Software Updater түймелерін басыңыз.

Кіріспе

Ескертпе:

Windows-та, жұмыс үстелінің құралдар панеліндегі белгішені басып **Software Update (Бағдарлама жаңартуы)** бөлігін таңдап та іске қоса аласыз.

- 3** Бағдарламалық құралды және нұсқаулықтарды жаңартыңыз.

Жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

! Маңызды:

Жаңарту барысында компьютер мен принтерді өшірмеңіз.

Ескертпе:

Тізімде көрсетілмеген бағдарламаны EPSON Software Updater бағдарламасы арқылы жаңартылмайды. Epson веб-сайтынан бағдарламалық құралдың ең соңғы нұсқаларын тексеріңіз.

<http://www.epson.com>

Жаңарту ескертулерін алу


- 1** EPSON Software Updater қолданбасын іске қосыңыз.
- 2** **Auto update settings (Автоматты жаңарту параметрлері)** түймесін басыңыз.
- 3** Принтердің **Interval to Check (Тексеру аралығы)** ұяшығында жаңартуларды тексеру аралығын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Remote Manager бағдарламасын пайдалану

Бағдарламаны іске қосу мен берілген қызметтерге шолу жасайды.

Іске қосу процедурасы

Бағдарламаны принтер жалғанған желіге қосылған компьютерде іске қосыңыз.

- 1** Принтердің IP мекенжайын тексеріңіз. Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. ◀/▶ түймелерін басып  қойындысын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 2** Веб браузерді принтерге желі арқылы қосылған компьютерде іске қосыңыз.
- 3** Веб браузердің мекенжай жолағына принтердің IP мекенжайын енгізіп, **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.
 Форматы: `http://принтердің IP мекенжайы/`
 Мысалы: `http://192.168.100.201/`

Жабу процедурасы

Веб-браузерді жабыңыз.

Бағдарламаны жою

! Маңызды:

- "Computer administrator (Компьютер әкімшісі)" тіркелгісіне кіріңіз (administrators privileges (әкімшілер артықшылықтары) бар тіркелгі).
- Сұралған кезде әкімші құпиясөзін енгізіңіз де, әрекет еске салғышымын әрі қарай жалғастырыңыз.
- Іске қосылған болуы мүмкін кез келген басқа қолданбалардан шығыңыз.

Кіріспе

Windows

Бұл бөлімде Epson Edge Dashboard қолданбасы мен Epson Control Dashboard, Epson Edge Print қолданбасын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда, Epson байланыс драйверлері мысал ретінде пайдаланылып, оларды өшіру әдісі сипатталған.

- 1 Принтерді өшіріңіз және кабельді компьютерден ажыратыңыз.
- 2 Бағдарлама орнатылған компьютерде, **Control Panel (Бақылау панелі)** панелін басып, **Programs (Бағдарламалар)** санатынан **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** түймесін басыңыз.
- 3 Жойғыңыз келетін бағдарламаны таңдап, **Uninstall/Change (Жою/Өзгерту)** (немесе **Change/Remove (Өзгерту/Өшіру)**) түймесін басыңыз.

Келесілерді таңдау Epson Control Dashboard, Epson Edge Print қолданбасын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда, Epson байланыс драйверлері драйварлерін өшіреді. XXXXX ішінде модельдің нөмірі шығады.
 - EPSON SC-SXXXXX Series Comm Driver Printer Uninstall

Epson Edge Dashboard қолданбасын жою үшін Epson Edge Dashboard қолданбасын таңдаңыз.

- 4 Қалаған принтер белгішесін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жоюды растау хабарламасы пайда болғанда, **Yes (Иә)** түймесін басыңыз.

Epson Control Dashboard, Epson Edge Print қолданбасын пайдаланғанда және компьютерді принтерге USB арқылы жалғағанда, Epson байланыс драйверлері драйверлерін қайта орнатсаңыз, компьютерді қайта қосыңыз.

Mac

Төменде Epson Edge Dashboard қолданбасын жою әдісі сипатталған.

- 1 **Epson Edge Dashboard** қолданбасынан шығыңыз.
- 2 **Applications (Қолданбалар) — Epson Software — Epson Edge Dashboard — Epson Edge Dashboard Uninstaller** түймелерін екі рет басыңыз.

Жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Негізгі амалдар

Қағазды пайдалану туралы ескертпелер

Қағазды дайындау кезінде келесі жайттар ескерілмесе, шаң мен қылшықтар қағаз бетіне тұрып қалып, басып шығару нәтижесінде сия тамшыларының пайда болуына себепші болады немесе саңылаулардың бітелуіне әкеп соқтырады.


Шығарылған қағазды тікелей еденге қоймаңыз.

Қағазды қайта орау және сақтау үшін түпнұсқа бумасына салу керек.



Қағаз беткейі бар қағазды киімге қарай басып тасымалдамаңыз.

Принтерге қағазды жүктемес бұрын қағазды жеке бумаларда ұстамаңыз.



Қағазды салу туралы ескертпелер

Сақтандыру:


Қағаздың шеттеріне қолыңызды үйкемеңіз. Қағаздың шеттері өткір болады және жарақаттауы мүмкін.

Қағазды басып шығарар алдында ғана салыңыз.

Басу роликтері принтердің ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін. Сондай-ақ, бұл толқынды немесе оралған қағазға әкеліп, қағазды беру мәселелеріне әкелуі мүмкін немесе басып шығару механизміне сызық түсуі мүмкін.

Қағаздың оң және сол жақ шеттері тегіс болмаса, оны салмаңыз.

Егер қағаз жүктеліп, шиыршықтың оң мен сол жақ қырлары біркелкі болмаса, қағазды салу кезіндегі қиындықтар басып шығару кезінде қағаздың жан-жаққа жылжуына себепші болуы мүмкін. Қырларды сәйкестендіру үшін орамды артқа айналдырыңыз немесе ешқандай ақауы жоқ орамды пайдаланыңыз.



Пайдалану мүмкін емес қағаз.

Майысқан, сызат түскен, жыртылған немесе кір қағазды пайдаланбаңыз. Қағаз көтеріліп кетіп, принтердің басып шығару механизмдеріне тиюі және оларды зақымдауы мүмкін.

Бумасының ұштары келесі кескінде көрсетілгендей қыршылған, желінген, жыртылған және т.б. тәртіпте зақымданған қағазды қолданбаңыз.

Негізгі амалдар




Қағаз орамын жүктеу және алу

Қамтамасыз етілген қағаз орамы адаптерлерін бекіткеннен кейін қағаз орамын жүктеңіз.

Қағаз орамының адаптерін жүктеу




- 1 Қағаз орамын принтердің үстіндегі орам ұстағышына қойыңыз.





- 2 Жинақтағы екі қағаз орамы адаптерлерінің өлшемді ауыстыру тұтқаларын жүктелетін қағаз орамының қағаз өзегінің өлшеміне сай жылжытыңыз.

3-inch core

2-inch core




- 3 Екі қағаз орамы адаптерлерінің әрқайсысында құлыптау үшін адаптердің құлыптау тұтқасын көтеріңіз.




Негізгі амалдар

- 4** Екі қағаз орамы адаптерлерінің әрқайсысында құлыптау үшін адаптердің құлыптау тұтқасын көтеріңіз.

Орамға саңылауларсыз толығымен кіргенше адаптерлерді ішке басыңыз.




- 5** Адаптерлерді орнында құлыптау үшін құлыптау тұтқаларын түсіріңіз.




Қағаз орамын жүктеу


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1** Экранда **Press [Roll Paper] and load paper.** мәтіні көрсетілетінін тексеріңіз, содан соң қағаз орамының қақпағын ашыңыз.



- 2** Адаптер ұстағышын құлыптау тұтқасы көтерілгенін тексеріңіз.




- 3** Қағаз орамын адаптер бағыттағышына тигенше оңға қарай сырғытыңыз. Содан кейін адаптер бағыттағышының бойымен орамды баяу ішке қарай сырғытыңыз.



- 4** Басқару тақтасында [Roll Paper] түймесін басыңыз. Дисплейде **Roll Paper** белсендірілгенін тексеріңіз және OK түймесін басыңыз.


Негізгі амалдар

- 5** Қағаз орамының асылып қалмағанына, оның ұшының қыршылмағанына көз жеткізіңіз, оны қағаз саңылауына орналастырып, принтердің алдыңғы жағынан тартыңыз.





Ескертпе:

Басып шығарылып жатқанда қағазды ұстамаңыз. Қағаз орамын жүктегеннен кейін қағазды беру үшін қағаз орамы адаптерлерін көрсетілгендей айналдырыңыз.




- 6** Қағаз орамын құлыптау тұтқасын түсіріңіз де, ОК түймесін басыңыз.



Егер қағаздың алдыңғы шеті көлденең емес болса немесе мұқият кесілмесе, ОК түймесін басу және  түймесін бес секунд бойы басып, ұстап тұру арқылы қағаз орамының шетін кіріктірілген кескіштің көмегімен кесуге болады.

- 7** Қағаз орамының қақпағын жабыңыз.



- 8** Қағаз түрін тексеріңіз. Тиісті қағаз түріне арналған алдыңғы баптаулар және қалған қағаз саны кескінделеді.


Ағымдағы параметрлермен басып шығару үшін ▼/▲ түймелерін басып **Keep Settings Above** параметрін ажыратып көрсетіңіз және ОК түймесін басыңыз.

Қағаздың жарамды түрі белгіленбеген жағдайда, басып шығару сапасына қатысты проблемалар туындауы мүмкін. Қағаздың түріне және қалған қағаз санына қатысты баптаулар туралы толығырақ ақпараттарды төменнен қараңыз.

 ["Салынған қағаз параметрлері" бетте 34](#)

Қағаз орамын кесу

Басып шығарудан кейін қағаз орамын кесу үшін мына екі әдістің біреуін пайдалануға болады.

- Auto Cut:**
Бекітілген кескішті пайдаланып әр бетті басып шығарудан кейін қағаз орамын кесіңіз.
- Қолмен кесу:**
Бекітілген кескішті пайдаланып қағазды кесу үшін  түймесін басыңыз. Қолмен кесу үшін кесу сызығы басылады және оны бекітілген кескішті пайдаланып қағазды кесу кезінде бағыттағыш ретінде пайдалануға болады.

Негізгі амалдар

Ескертпе:

- ❑ Қағаз орамын кесу біраз уақыт алуы мүмкін.
- ❑ Кейбір қағаз орамдарын бекітілген кескішті пайдаланып кесу мүмкін емес. Қағазды кесу үшін дүкенде сатылатын кескішті пайдаланыңыз. Үшінші тарап кескішін пайдаланғанда төмендегі қадамдарды орындаңыз. ⌘ түймесін басыңыз. Қағазды кесу орны қағазды шығару бағыттағышынан төмен болатындай беру үшін ▼ түймесін басып тұрыңыз. Қағазды қайшыны немесе үшінші тарап кескішін пайдаланып кесіңіз.

Орнату әдістері


Басқару тақтасындағы ◀▶ түймелерін пайдаланып ⚙ қойындысын таңдаңыз, содан соң OK немесе Мәзір түймесін басыңыз. Setup мәзірі экранға шыққан кезде, **Printer Setup > Roll Paper Setup > Auto Cut > On** пәрмендерін таңдап, OK түймесін басыңыз. Қолмен кесу үшін **Off** күйін таңдаңыз. Әдепкі параметр — **On**.

📖 "Setup мәзірі" бетте 63


Қолмен кесу әдісі

Auto Cut параметрі **Off** күйіне ауысса, басып шығару аяқталғаннан кейін келесі процедура бойынша кез келген қалыпты қиып алуға болады.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер

**Бекітілген кескішті пайдаланып қағазды қолмен кесу**

- 1 ⌘ түймесін басыңыз. Принтердің ішін принтер қақпағын ашпай көріп, ▼ түймесін басып кесу орнын принтер ішіндегі оң жақтағы ◀ белгісімен туралаңыз.

**Ескертпе:**

Бекітілген кескішпен кесуге болатын ең аз қағаз ұзындығы 60–127 мм деп бекітіледі және оны өзгерту мүмкін емес. Егер кесу орны жоғарыдағы ең қысқа ұзындықтан қысқарақ болса, қағазды сол ұзындыққа дейін автоматты түрде беру керек, осылайша шет қалады. Шетті дүкенде сатылатын кескішпен кесіңіз.


Негізгі амалдар


- 2** ОК түймесін басыңыз.
Қағаз бекітілген кескіш арқылы кесіледі.



Қағаз орамын алу

Бұл бөлімде басып шығарудан кейін қағаз орамын алу және сақтау жолы сипатталған. Басу роликтері принтер ішінде қалған қағазда із қалдыруы мүмкін.


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1** Принтердің дайын екенін тексеріп,  түймесін басыңыз.
Load/Remove Paper мәзірі көрсетіледі.

- 2** **Remove Paper** бөлімін бөлектеу үшін / түймесін басыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Қалған қағаз орамын басқаруды мұқият орындау үшін,  қойындысын ашып, қағаз орамын ауыстырған кезде қалған қағаз орамының мөлшерін жазып алуды ұсынамыз.


Roll Paper Remaining параметрін орындау үшін, қағаз орамы орнатылғанда қағаз орамының ұзындығын енгізу қажет.

- 3** Қағаз автоматты түрде оралады.
Қағаз оралғаннан кейін принтерде **Press  and load paper.** мәтіні көрсетіледі


Ескертпе:

Дисплей **Turn roll paper adapter to wind up roll paper** хабарын көрсеткенде қағаз орамының қақпағын ашыңыз және қағазды қолмен ораңыз.


- 4** Қағаз орамының қақпағын ашыңыз.



- 5** Орамды құлыптау тұтқасын көтеріңіз.




- 6** Қағазды орам адаптерлерінен ұстап, орамды орам ұстағышқа жылжытыңыз.




Негізгі амалдар

- 7** Қағаз орамы адаптерлерін босату үшін адаптерді құлыптау тұтқаларын көтеріңіз.



- 8** Қағаз орамы адаптерлерін алыңыз.



Қағаз орамын мұқият орағаннан кейін бастапқы орауышта сақтаңыз.

- 9** Қағаз орамының қақпағын жабыңыз.

Салынған қағаз параметрлері

Қағазды салуды аяқтағаннан кейін, салынған қағазға қатысты параметрлерді баптау үшін басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.

1. Қағаздың түрін белгілеңіз

Бұл оңтайлы басып шығару нәтижелеріне қол жеткізу үшін ең маңызды параметр болып табылады. Салынған қағазға сай келетін жарамды қағаз түрінің таңдалмауы желіну немесе қыршылу сияқты проблемаларға себепші болуы мүмкін.

Қалған реттеу

Әдепкі зауыттық параметр — **On**. Мұны **Off** параметріне өзгертуіңізге болады.




2. Қағаздың ұзындығын баптаңыз

Қалған қағаздың шамамен алынған саны алдын ала тағайындалған ұзындық өлшемі және басып шығару жұмыстары кезінде қолданылған қағаз саны негізінде анықталады. Қалған қағаз саны **■** қойындысындағы ақпараттық бөлікте кескінделеді.

Бұл баптау экраны **Remaining Setup** (Қалған қағаз санын баптау) параметріне **Off** пәрмені тағайындалған жағдайда кескінделмейді.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




Негізгі амалдар

- 1** Тиісті қағаз түріне арналған алдыңғы баптаулар және қалған қағаз саны кескінделеді.
Салынған қағазға арналған басып шығару параметрлерінде сіздің тарапыңыздан белгіленген қағаз саны қолданылатынын тексеріңіз.

Егер сіз параметрлері бапталмаған жаңа қағазды салған болсаңыз, белгіленбеген санды таңдаңыз, қағаздың берілуін аяқтаңыз да, қағаздың параметрлерін баптаңыз.

[🔗 “Жаңа қағаз параметрлерін тіркеу” бетте 35](#)



Ағымдағы параметрлермен басып шығару

▼/▲ түймелерін басып **Keep Settings Above** пәрменін ажыратып көрсетіңіз және ОК түймесін басыңыз.

6-қадамға өтіңіз.

Параметрлерді өзгерту

▼/▲ түймелерін басып **Change Settings** пәрменін ажыратып көрсетіңіз және ОК түймесін басыңыз.

- 2** Өзгерту қажет параметрді ажыратып көрсетіп, ОК түймесін басыңыз.
- 3** Опцияны ажыратып көрсетіп, ОК түймесін басыңыз.
- 4** 2-қадамда көрсетілген диалогтық терезеге оралу үшін 3 түймесін басыңыз.
- 5** Параметрлерді орнату аяқталғанда **Exit** пәрменін ажыратып көрсетіңіз және ОК түймесін басыңыз.

- 6** Егер **Remaining Setup** параметрі үшін **On** күйі таңдалған болса, орамның ұзындығын енгізу ұсынылады.
▼/▲ түймелерін басып 5,0 және 999,5 м арасындағы мәнді таңдаңыз және ОК түймесін басыңыз. Қағаз ұзындығы 0,5 м қадамдармен орнатылады.

Қысқа кідірістен кейін принтер **Ready** хабарламасын кескіндеп, басып шығаруға дайын екенін көрсетеді. Компьютерден басып шығару керек деректерді тасымалдаңыз.

Жаңа қағаз параметрлерін тіркеу

Қағаз параметрлерінің түрі және қысқаша сипаттамасы

Пайдаланып жатқан қағазға арналған оңтайлы шарттарда басып шығару үшін, принтерге және RIP қолданбасына пайдаланып жатқан қағазға тиісті принтер ақпараты мен реттеу мәндерін тіркеу қажетсіз.

Әрбір қағаз түрі өзінің жеке сипаттамалары бар, мысалы, басып шығару барысында және құрғату уақытының аралығында көп мөлшердегі сия қажет ету. Егер басып шығару осы сипаттамаларға сәйкес орындалса, қажетті басып шығару нәтижелерін алмайсыз.

Дегенмен, қағаздың өлшемі мен қалыңдығы үшін оңтайлы басып шығару параметрлерін іздеу қиын және көп уақыт алуы мүмкін.

Келесі әдістердің бірі арқылы баспа материалы параметрлерінің мәндерін принтерге оңай және жылдам тіркеуге болады.

Custom Paper Setting

Бұл жылдам басып шығаруға жарамды. Принтерге алдын ала тіркелген жалпы мақсаттағы баспа материалын, сонымен қатар берілген RIP қолданбасына (Epson Edge Print) тіркелген жалпы мақсаттағы басып шығару ақпаратын таңдауға және сол арқылы басып шығаруға болады.

Негізгі амалдар


Принтерге алдын ала тіркелген жалпы мақсаттағы басып шығару материалының параметрлерін пайдалану үшін қағаз мәзіріндегі Custom Paper Setting параметрін пайдаланыңыз.

[📖 “Custom Paper Setting процедурасы” бетте 36](#)

Epson Edge Dashboard Ішіндегі EMX файлын жүктеп алып, қағаз параметрлерін принтерге тіркеңіз

Epson компаниясы тегін беретін басып шығару параметрі файлдарын (EMX) пайдалану арқылы маман басып шығарғандай басып шығару сапасымен оңай басып шығаруға болады.

EMX файлы — әрбір қағаз түріне арналған басып шығару параметрлері және сатып алуға болатын қағазда оңтайлы басып шығаруға қажетті келесі ақпаратты қамтиды.



Epson Edge Dashboard Ішіндегі EMX файлын жүктеп алу және баспа материалының параметрлерін принтерге тіркеу туралы ақпарат алу үшін Epson Edge Dashboard анықтамасын қараңыз.

Custom Paper Setting процедурасы

Салынған қағаздың тиісті қалыңдығын Custom Paper Setting ішіндегі **Reference Paper** параметрін таңдау арқылы жалпы мақсаттағы баспа материалы параметрлерін сақтай аласыз және басып шығару сапасына сенімді бола аласыз.

Бұл параметрлер Custom Paper Setting ішінде де қолжетімді, бұл пайдаланып отырған қағазға сәйкес толығырақ реттеуге мүмкіндік береді.


- Platen Gap
- Head Alignment
- Paper Feed Adjust
- Paper Suction
- Feeding Tension
- Take-up Tension*
- Prevent Sticking

* Қосымша автоматты созылатын белдік бөлшегі орнатылған кезде ғана көрсетіледі.

Custom Paper Setting параметрін пайдаланғаннан кейін қағаз реттеуін жасап, қағаз параметрлерін оны салу шарттарына (мысалы, салынған қағаздың ені және ол автоматты созылатын белдік бөлшегіне салынғанын не салынбағанын) сәйкес оңтайландырған жөн.

[📖 “Қағаз параметрлерін оңтайландыру \(Механизмді туралау және Қағаз беруді реттеу\)” бетте 37](#)

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



Анықтамалық құжатты таңдау

- 1 Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. **◀/▶** түймелерін пайдаланып **🔍** қойындысын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Paper мәзірі көрсетіледі.

Негізгі амалдар

2 ▼/▲ түймелерін басып **Custom Paper Setting** параметрін таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

Custom Paper Setting мәзірі көрсетіледі.

3 ▼/▲ түймелерін қағаз параметрлерінің қорын 1 мен 10 аралығын таңдау үшін қолданыңыз және содан кейін ОК түймесін басыңыз.

Таңдалған сан үшін қағаз параметрі мәзірі көрсетіледі.

Принтерде әлдеқашан сақталған кез келген параметрлер қайта жазылатынын ескеріңіз.

Ескертпе:


Мәзірлерден шығу үшін  түймесін басыңыз.

4 **Select Reference Paper** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

5 ▼/▲ түймелерін пайдаланып салынған қағаздың тиісті қалыңдығын таңдаңыз, сонан соң ОК түймесін басыңыз.

Қағаз түрі	Қағаз салмағы (г/м ²)
Thinnest	60 немесе одан аз
Thin	61–80
Thick	81–120
Thickest	121 немесе одан көп
Adhesive*	-

* Жабысқақ қағаз үшін оның салмағына қарамастан **Adhesive** параметрін таңдаңыз.

6 Алдыңғы мәзірге оралу үшін  түймесін басыңыз.

Setting Name

Сақтағыңыз келген Custom Paper Setting параметріне атау қойыңыз. Айрықша атауларды пайдалану қолданылатын жиынтықтарды таңдауды жеңілдетеді.

1 ▼/▲ түймелерін пайдаланып қағаз параметрі мәзіріндегі Setting Name параметрін таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.

2 Параметр атын енгізіңіз.

Menu (Мәзір) түймесін басқан сайын таңба түрі мына ретпен өзгереді: бас әріптер -> кіші әріптер -> сандар мен таңбалар.


▼/▲ түймесін басқан сайын таңдалған таңба түрлері жинағындағы таңба көрсетіледі.

Қажетті әріп көрсетілген кезде ► түймесін басыңыз.

Курсор келесі жазба аймағына өтеді және осыған ұқсас әдіспен мәтінді енгізе аласыз.

Алдыңғы таңбаны өшіріп, жаңа таңбаны қайта енгізу үшін ◀ түймесін басу арқылы қателерді түзетуге болады.

3 Атауын енгізгеннен кейін ОК түймесін басыңыз.

4 Мәзірлерге оралу үшін  түймесін басыңыз.

Paper мәзірінде реттелетін басқа параметрлер туралы ақпарат алу үшін Custom Paper Setting мәзірінің сипаттамаларын қараңыз.

 ["Paper мәзірі" бетте 59](#)

Қағаз параметрлерін оңтайландыру (Механизмді туралау және Қағаз беруді реттеу)

Мынадай жағдайларда қағаз параметрлерін оңтайландырыңыз:

Негізгі амалдар

Реттелетін қағаз параметрлерін реттеуді аяқтаған кезде.

Жүктеп алынған EMX файлдары үшін баспа материалы параметрінің мәндері принтерге Epson Edge Dashboard арқылы тіркелгенде.

Қағаз параметрлерін оңтайландырғаннан кейін келесі жағдайлар пайда болғанда:

- ❑ Қағаз ені әртүрлі, бірақ түрі бірдей қағазды пайдаланған кезде.
- ❑ Custom Paper Setting параметрін сақтағаннан кейін параметрлерді өзгерткен кезде.

Қағаз параметрлерін оңтайландыру үшін нақты басып шығаруға пайдаланатын әдіспен қағазды принтерге салып, Head Alignment (Механизмді туралау) және Paper Feed Adjust (Қағаз беруді реттеу) процедурасын орындаңыз.

Басып шығару күйіндегі саңылауларды реттеу (Head Alignment)

Басып шығару механизмі жылжып жатқанда осы принтер сия тамшыларын шашыратып басып шығарады. Қағаз беті мен басып шығару механизмі арасында кішкентай аралық (саңылау) бар және басып шығару механизмі жылжығанда және тағы басқа жағдайларда Thickness, температура және ылғалдылық and ішкі күштегі өзгерістерге байланысты сияның басып шығару орны тураланбаған болуы мүмкін.

Басып шығарулардағы тураланбаған сызықтарды немесе түйіршікті жақсарту үшін Head Alignment мүмкіндігін пайдалануға болады.

Head Alignment туралы ескертпелер

Принтерге жүктелген қағазға сай реттеңіз.

Реттеулер жасау қажет қағаз дұрыс жүктелгенін тексеріп, Custom Paper Setting бөлімінде **Select Paper Type** мүмкіндігі арқылы дұрыс параметр атауын таңдаңыз.

Созылатын белдік бөлшегіне жүктелген қағазда басып шығарғанда, Head Alignment әрекетін басып шығарғанда және созылатын белдік бөлшегінде жүктелгендегідей әдіспен орындаңыз.

Ең аз реттелетін қағаз өлшемі — A4.


Реттеу алдында саңылаулар бітелмегенін тексеріңіз.

Егер саңылаулар бітелсе, реттеулер дұрыс орындалмайды. Тексеру үлгісін басып шығарыңыз, содан соң, қажет болса, Head Cleaning әрекетін орындаңыз.

[👉 "Бітелген саңылауларды тазалау" бетте 92](#)

Head Alignment параметріне арналған процедура

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Реттеулер жасау қажет қағаз дұрыс жүктелгенін тексеріп, **Select Paper Type** бөлімінде Custom Paper Setting мүмкіндігі арқылы дұрыс параметр атауын таңдаңыз.

[👉 "Қағаз орамын жүктеу және алу" бетте 29](#)


[👉 "Салынған қағаз параметрлері" бетте 34](#)

Негізгі амалдар

- 2** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. **■** параметрін таңдау үшін **◀▶** түймелерін басыңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
Paper мәзірі көрсетіледі.
- 3** Custom Paper Setting бөлімінің 1–10 сан аралығынан 1-қадамда таңдалған сондай санды таңдау үшін **▲/▼** түймелерін басыңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
- 4** **▼/▲** түймелерін **Head Alignment** таңдау үшін пайдаланыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
- 5** Реттеу элементін таңдаңыз, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
- 6** Реттеу үлгісін басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7** Басылып шығарылған реттеу үлгісін тексеріңіз.
Автоматты созылатын белдік бөлшегіне қағаз салынған кезде, реттеу үлгісін басып шығарғаннан кейін автоматты қағаз түрде кесілмейді. Егер реттеу үлгісі нашар көрінсе, келесі процедураны қолдану арқылы қағазды беруге және бұдан кейін тексеру әрекетін орындауға болады.
- (1)** **↔↕** түймесін басыңыз.
- (2)** Реттеу үлгісі оңай көрінгенге дейін қағаздың берілуін жалғастыру үшін **▼** түймесін басыңыз.
- (3)** Реттеу үлгісін тексергеннен кейін, қағазды қайта орау үшін **▲** түймесін басыңыз.
- (4)** Мәзірге оралу үшін **↵** түймесін басыңыз.

Реттеу үлгісі басып шығарылатын қағаз еніне байланысты 1 блок 3 сызықта 2 немесе 4 түстен тұрып, 1–5 аралығындағы блоктар көлденеңінен басып шығарылады. Түс кодтары әр түс үлгісінің үстінде басып шығарылады.


Төрт блок көлденеңінен басып шығарылып, "№1"–"№4" аралығындағы мәндерге бөлінеді.



- 8** Ақ сызықтары ең анық емес немесе ақ сызықтардың аралықтары біркелкі әрбір түс үлгілерінің нөмірін жазып алыңыз.

Бұл келесі суретте көрсетілген мысалда 3-сурет болады.


C1



Негізгі амалдар

- 9** Тексеру үлгілерінің нәтижелерінде әр жол мен әр түс үшін орташа санды анықтаңыз.

Мысал) реттеу үлгілерінің екі блогы көлденеңінен басып шығарылады және келесі бірінші сызықтағы C1 тексеру үлгісінің нәтижесі болып табылады.



Егер алынған мән бүтін мән болмаса, оны бірінші ондық бөлшекке дейін дөңгелектеңіз.

Бұл әдісті әр жолдағы әр түс үшін орташа тексеру нәтижесінің санын анықтау үшін пайдаланыңыз.


- 10** Басқару панелінің экранында сия түсінің коды көрсетілетінін тексеріп, 9-қадамда есептелген орташа мәнді таңдау үшін ▼/▲ түймесін басыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

- 11** Әр түс үшін мәнді орнатып, ОК түймесін басыңыз.

Соңғы түсті орнатуды аяқтағанда, принтер дайын күйіне оралады.

Қағаз беруді реттеу

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. **Menu** параметрін таңдау үшін ◀/▶ түймелерін басыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

Paper мәзірі көрсетіледі.

- 2** **Select Paper Type** бөлімінде 1–10 аралығындағы қағаз орнату санындағыдай санды таңдау үшін ▲/▼ түймелерін басыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

- 3** **Paper Feed Adjust** параметрін таңдау үшін ▼/▲ түймелерін пайдаланыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

- 4** **Pattern** параметрін таңдаңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.

- 5** Реттеу үлгісін басып шығару үшін ОК түймесін басыңыз.


- 6** “+” таңбалары арасындағы қашықтықты өлшеңіз.

Реттеу үлгісі аралығының дәл өлшемін алу үшін қағазды кесіп, содан соң өлшеуді ұсынамыз.

📄 “Қолмен кесу әдісі” бетте 32

Негізгі амалдар

Тек орталық таңбалар арасындағы қашықтықты немесе сол жақ, орталық және оң жақ таңбалардың арасындағы қашықтықтардың орташа мәнін пайдаланыңыз.




7

Мәзірге оралу үшін **↻** түймесін басыңыз. Масштабпен өлшенген мәнді таңдау үшін **▼/▲** түймелерін басыңыз, содан соң дайын күйіне оралу үшін **OK** түймесін басыңыз.

Қағазды ауыстыру

Бұл бөлімде қағазды ауыстыру жолы сипатталады. Іс рәсімі басқару тақтасының экранында көрсетіледі. Осы нұсқауларды орындаңыз.

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1

Принтердің дайын екенін тексеріп, **□·□** түймесін басыңыз.

Load/Remove Paper мәзірі көрсетіледі.

2

Қағаз орамын таңдау үшін **▼/▲** түймелерін басыңыз және бұдан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Roll Paper Remaining параметрін орындау үшін, қағаз орамы орнатылғанда қағаз орамының ұзындығын енгізу қажет. Қалған қағаз орамын басқаруды мұқият орындау үшін, **●** қойындысын ашып, қағаз орамын ауыстырған кезде қалған қағаз орамының мөлшерін жазып алуды ұсынамыз.

3

Орам автоматты түрде оралады.

Ескертпе:

Дисплейде **Turn roll paper adapter to wind up roll paper** хабарламасы шыққан кезде, қағазды қолмен ораңыз.

Негізгі амалдар


- 4** Келесі тапсырма үшін қағаз орамын жүктеу мақсатында экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) құрылғысын (қосымша) пайдалану

Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) басып шығарылған тасушыны автоматты түрде басып алады.

Осы принтерге арналған Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) қағазды төменде көрсетілген бағыттардың біреуінде ала алады.

Басылған жағы ішке Басылған жағы сыртқа



Басылған жағын ішке қаратып алу басылған бетті орамның ішінде орналастырады. “Басып шығарылатын жағы ішке” параметрі көп жағдайларда ұсынылады.

Басылған жағын сыртқа қаратып алу басылған бетті орамның сыртында орналастырады.

⚠ Сақтандыру:

- ❑ Қағазды немесе орауыш өзектерін жүктеу кезінде немесе қағазды қабылдау орауышынан алып тастау кезінде нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз. Қағазды, орауыш өзектерін немесе тарту орауыштарын құлату жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ❑ Қолдарыңыз, шашыңыз немесе басқа заттар Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) қозғалатын бөліктерінде ұсталып қалмауын қадағалаңыз. Бұл сақтық шарасын орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Ескертпе:

Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) туралы ақпарат алу үшін Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) құрылғысымен бірге берілген құжаттаманы қараңыз.

Дұрыс қабылдауға қатысты маңызды жағдайлар

Қағазды дұрыс қабылдауға арналған келесі жағдайларды сақтаңыз.

- ❑ Қағаздың енімен бірдей қабылдағыш орам өзегін пайдалануды ұсынамыз. Егер ені әртүрлі қабылдағыш орам өзегі пайдаланылса, қабылдағыш орам өзегі майысып, қағаз қате қабылдануы мүмкін.
- ❑ Қағаз қабылдануы үшін “басып шығарылатын жағы ішке” параметрін пайдалануды ұсынамыз. “Басып шығарылатын жағы сыртқа” параметрі қағаздың жылжуына және ораммен үлкен сәйкессіздікке әкелуі мүмкін.

Негізгі амалдар

- ❑ Қабылдағыш орам өзектерін келесі суретте көрсетілгендей етіп бекітпеңіз. Қабылдаудың керілісі біркелкі болмайды және өзек бос айналады. Нәтижесінде қағаз дұрыс айналмай, басып шығару нәтижелерінде сызықтарды пайда болуына әкелуі мүмкін.

Шеттер тозған



Деформацияланған



- ❑ Қағаз түрі мен қағаз еніне байланысты, қағаз өзекпен тураланбауы немесе тым босап қалуы мүмкін, содан соң ұзақ аралықта қабылдағанда Reel Unit Error қатесіне әкелуі мүмкін.
📖 "Хабар көрсетілген кезде" бетте 103

Орам өзегін бекіту


Дайындау


Қағаздың енімен бірдей қабылдағыш орам өзегін пайдаланыңыз.

Сатылымда бар жабысқақ таспаны алыңыз.

Салу


- 1 Auto Take-up Reel Unit (Автоматты созылатын белдік бөлшегі) құрылғысындағы Auto қосқышын Off күйіне орнатыңыз.



- 2 Орам принтерге дұрыс жүктелгенін тексеріңіз, содан соң printer, басқару панеліндегі  түймесін басыңыз.

Негізгі амалдар


- 3** ▼ түймесін орамның алдыңғы шеті орам өзегінің ұстағыштарына жеткенде ұстап тұрыңыз.




! **Маңызды:**

Қағазды беру үшін ▼ түймесін әрқашан басыңыз. Егер қағазды қолмен тартсаңыз, онда қағаз созу кезінде майысып қалуы мүмкін.


- 4** Орам өзегінің ұстағыштарындағы құлыптау иінтіректерінің құлпын ашып, ұстағыштарды қағаздың еніне жылжытыңыз.



- 5** Оң жақ орам өзегінің ұстағышын қағаздың оң жақ шетіне жылжытыңыз.




- 6** Орам өзегінің ұстағышын бекіту үшін орам өзегінің ұстағышындағы құлыптау иінтірегін құлыптау күйіне жылжытыңыз.




Негізгі амалдар

- 7** Орам өзегін оң жақ ұстағышқа енгізіңіз.




- 8** Сол жақ орам өзегінің ұстағышы орам өзегіне толық енгізілгенін және орам өзегі мен қағаздың шеттері сәйкес екенін тексеріңіз.



! **Маңызды:**

Егер қағаздың шеттері сәйкес емес болса, қағаз дұрыс қабылданбауы мүмкін. Егер шеттер сәйкес емес болса, оң жақ орам өзегінің ұстағышындағы құлыптау иінтірегін ашыңыз, содан соң 5-қадамнан бастап қайта бастаңыз.

- 9** Орам өзегінің ұстағышын бекіту үшін сол жақ орам өзегінің ұстағышындағы құлыптау иінтірегін құлыптау күйіне жылжытыңыз.



Қағазды бекіту

Процедура алу бағытына қарай өзгеріп отырады.


! **Маңызды:**

Жалғастыру алдында **Off** күйін **Auto Cut** параметрі ретінде таңдаңыз. **On** күйі таңдалған кезде автоматты түрде алу катушқасын пайдалану қателерді тудырады.

["Қағаз орамын кесу" бетте 31](#)

"Басып шығарылатын жағы ішке" параметрін қабылдағанда


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



Негізгі амалдар


- 1** Алдыңғы шетін орам өзегіне жабыстырыңыз.

Төмендегі суретте көрсетілген ретке сәйкес, қағазды жабыстыру үшін сатылымда бар лентаны пайдаланыңыз. Ортасында бекіткен кезде қағаздың ортасын түзу тартып, жабысқақ лентаны пайдаланып бекітіңіз. Сол және оң жақта бекіткенде, қағазды шетке тартып тұрып, лентаны пайдаланып бекітіңіз.




- 2** Басқару тақтасындағы ▼ түймесін орам өзегінің айналасында шамамен бір орам үшін жеткілікті қағаз берілгенше басып тұрыңыз.

- 3** Қағазды орам өзегіне бір рет орау үшін Manual қосқышын Backward күйіне аударыңыз.




- 4** Auto қосқышын Backward бағытына бекітіңіз.



Негізгі амалдар

- 5** Қағаз бос емес екенін тексеріңіз. Қағаздың екі шетінде жайлап басу арқылы оң және сол жақтағы керілістегі айырмашылықтарды тексеріңіз.




! Маңызды:

Егер сол мен оң жақ арасында тартылыс айырмашылықтары болса, қағаз дұрыс оралмауы мүмкін. Бір жағында бастық болса, қағазды артқа айналдыру үшін Manual қосқышын Forward күйіне өткізіңіз, жабысқақ лентаны кесіңіз, содан кейін 1-қадамнан қайта бастаңыз.



“Басып шығарылатын жағы сыртқа” параметрін қабылдағанда

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Алдыңғы шетін орам өзегіне жабыстырыңыз.


Төмендегі суретте көрсетілген ретке сәйкес, қағазды жабыстыру үшін сатылымда бар лентаны пайдаланыңыз. Ортасында бекіткен кезде қағаздың ортасын түзу тартып, жабысқақ лентаны пайдаланып бекітіңіз. Сол және оң жақта бекіткенде, қағазды шетке тартып тұрып, лентаны пайдаланып бекітіңіз.




- 2** Басқару тақтасындағы ▼ түймесін орам өзегінің айналасында шамамен бір орам үшін жеткілікті қағаз берілгенше басып тұрыңыз.

Негізгі амалдар


- 3** Қағазды орам өзегіне бір рет орау үшін Manual қосқышын Forward күйіне аударыңыз.



- 4** Auto қосқышын Forward бағытына бекітіңіз.



- 5** Қағаз бос емес екенін тексеріңіз. Қағаздың екі шетінде жайлап басу арқылы оң және сол жақтағы керілістегі айырмашылықтарды тексеріңіз.



! Маңызды:

Егер сол мен оң жақ арасында тартылыс айырмашылықтары болса, қағаз дұрыс оралмауы мүмкін. Бір жағында бастық болса, қағазды артқа айналдыру үшін Manual қосқышын Backward күйіне өткізіңіз, жабысқақ лентаны кесіңіз, содан кейін 1-қадамнан қайта бастаңыз.

Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу

Бұл бөлімде автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу жолы сипатталған.


! Сақтандыру:

Автоматты түрде алу катушкасынан қағазды алу екі жұмысшыны қажет етеді, орамның әр соңында біреуден.


Тек өзі жұмыс істейтін бір жұмысшы орамды құлатып, жарақат алуы мүмкін.

Негізгі амалдар

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



1 Auto қосқышын Off бағытына орнатыңыз.




2 Қағазды кесіңіз және автоматты түрде алу катушкасының орам өзегінде болғанша жоғары көтеріңіз.

"Қолмен кесу әдісі" бетте 32


Қағазды кескіннен кейін басылған беттің еденге тиюін болдырмау үшін соңын тіреңіз; толығымен алынғанша қағазды тіреп тұра беріңіз. Manual қағазды алу бағытында (Forward немесе Backward) басып тұрыңыз.

3 Орам өзегінің ұстағышындағы құлыптау иінтірегінің құлпын ашып, ұстағышты орам өзегінен алып тастаңыз.

Орам өзегінің ұстағыштарын алған кезде, еденге құлауын болдырмау үшін орам өзегін бір қолмен тіреңіз.




4 Орам өзегін автоматты түрде алу катушкасынан алыңыз.



Негізгі амалдар

Басылып шығарылатын аймақ

Төмендегі суреттегі сұр аумақта басылатын аумақ көрсетілген. Көрсеткі жүктеу бағытын көрсетеді.



* Paper Size Check параметрі **Off** күйіне орнатылғанда бұл жүктелген қағаз енінен тәуелсіз 1118 мм (44 дюйм) болады.

①—④ аралығы барлық төрт жақтағы шетті көрсетеді. Толық мәліметтерді алу үшін келесіні қараңыз.

Шеттердің орналасуы	Түсіндірмесі	Қолжетімді орнату ауқымы
① Артқы* ¹	Бұны RIP күйіне орнатуға болады. Қағаздың берілу мұқияттылығына қол жеткізу үшін, параметр 5 мм өлшемінен аз болса, ол 5 мм өлшеміне ауысады.	5 мм немесе одан көп
② Алдыңғы шеті* ¹	Бұны RIP күйіне орнатуға болады. Бұл қағаз жүктелгенде алынған қағаздың ұзындығына байланысты әртүрлі. RIP күйінде орнатылған шеттер үздіксіз басып шығарғанда қосылады, бірақ қағаздың берілу мұқияттылығына қол жеткізу үшін, параметр 5 мм өлшемінен аз болса, ол 5 мм өлшеміне ауысады.	5 мм немесе одан көп
③ Сол жақ жиек* ^{2, 3}	Принтердің реттеу мәзірінен Roll Paper Margin бөлімінде Side параметріне орнатылған мән. Әдепкі параметр — 3 мм.	3 мм немесе 15 мм
④ Оң жақ жиек* ^{2, 3}		

Негізгі амалдар

- *1 Орнату шеті мен нақты басып шығару нәтижелері қолданылатын RIP түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты алу үшін RIP өндірушісіне хабарласыңыз.
- *2 Бұл қолданылатын RIP күйіне байланысты RIP бөлімінде қолжетімді болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты алу үшін RIP өндірушісіне хабарласыңыз.
- *3 Егер басып шығару деректері енінің және бүйірлік сол жақ және оң жақ шетінің қорытындысы басып шығарылатын аймақтан асса, деректердің бір бөлігі басып шығарылмайды.

Ескертпе:

*Paper Size Check параметрі **Off** күйіне орнатылғанда, басып шығару деректерінің ұзындығы жүктелген қағаздың енінен асып кетпейтінін тексеріңіз. Егер басып шығару деректерінің ені қағаздың енінен асып кетсе, сия қағаздың жиектерінен тыс басып шығарылып, принтердің ішін ластауы мүмкін.*

Негізгі амалдар

Power Off Timer функциясын пайдаланып қуатты өшіру

Принтер екі қуатты басқару параметрін ұсынады.

- ❑ Ұйқы режимі
Принтер қателер болмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасының немесе басқа әрекеттер орындалмаса ұйқы режиміне кіреді. Принтер ұйқы режиміне кіргенде басқару тақтасының экраны өшеді және қуатты азырақ тұтыну үшін ішкі моторлар және басқа бөліктер өшеді.
⏻ түймесін басқанда, принтер ұйқы режимінен оралады. Принтердің ұйқы режиміне кіру кідірісін 5 және 240 минут арасындағы мәндерден таңдауға болады. Әдепкі параметрлерде принтер әрекеттер 15 минут бойы орындалмаса ұйқы режиміне кіреді. Кідірісті Setup мәзірінен өзгертуге болады. 📖 "Setup мәзірі" бетте 63

Ескертпе:

Принтер ұйқы режиміне кіргенде басқару тақтасының экраны қуат өшірілгендей бос болады, бірақ ⏻ жарығы жанып тұра береді.

- ❑ Power Off Timer
Принтер орнатылған уақыт аралығы бойы қателер орын алмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасының немесе басқа әрекеттер орындалмаса, принтерді өшіретін Power Off Timer функциясымен жабдықталған. Принтер автоматты түрде өшпей тұрып болатын кідірісті 1 сағаттық қадамдармен 1 және 24 сағат арасындағы мәндерден таңдауға болады.
Әдепкі бойынша, қателер пайда болмаса, басып шығару тапсырмалары алынбаса және сегіз немесе одан көп сағат бойы басқару тақтасы немесе басқа әрекеттер орындалмаса, принтер автоматты түрде өшеді. Power Off Timer параметрлерін


Setup мәзірінен реттеуге болады.

📖 "Setup мәзірі" бетте 63

Қуатты басқару туралы

Қуатты басқару мүмкіндігі қолданылғанға дейінгі уақытты реттеуге болады. Кез келген арттыру принтердің қуат тиімділігіне әсер етеді. Кез келген өзгерту жасамас бұрын қоршаған ортаңызды ескеріңіз.

Басып шығаруды болдырмау


Принтердің  түймесін басыңыз, экранда **Job Cancel** параметрін таңдаңыз, содан соң OK түймесін басыңыз.

Баспа тапсырмасы тіпті басып шығарудың ортасында да болдырылмайды. Тапсырманы болдырмаудан кейін принтер дайын күйіне оралмай тұрып біраз уақыт кетуі мүмкін.

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Мәзір әрекеттері

Төменде әр түрлі мәзірлерді көрсету қадамдары көрсетілген.



* Бөлектелген параметрді таңдау үшін ОК түймесін басқаннан кейін алдыңғы мәзірге оралу үшін ⏪ түймесін басыңыз. Шығу үшін ⏩ түймесін басыңыз.

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Мәзір тізімі

Мәзірде қол жетімді элементтер және параметрлер төменде сипатталған. Әр элемент туралы қосымша мәліметтерді алу үшін анықтаманы қараңыз.

■ Paper мәзірі

 ["Paper мәзірі" бетте 59](#)

Элемент	Параметр
Load/Remove Paper	
Remove Paper	Қағазды алу туралы нұсқауларды көрсетеді
Roll Paper	Қағазды жүктеу туралы нұсқауларды көрсетеді.
Select Paper Type	
1–10 (қағаз параметрінің саны)	Пайдаланушы анықтаған теңшелетін қағаз түрлерінің атауларының тізімі.
Custom Paper Setting	
XXXXXXXXXXXXXXXXXXXXX (реттелетін қағаз түрінің атауы)	
Select Reference Paper	Thinnest, Thin, Thick, Thickest, Adhesive
Platen Gap	1,2, 1,6, 2,0, 2,5
Head Alignment	
Manual(Bi-D)	Басып шығаруды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
Paper Feed Adjust	
Pattern	Басып шығаруды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
Value	-0,70 – +0,70 %
Paper Suction	-4–0
Feeding Tension	1–5
Take-up Tension*	1–4 дейін
Prevent Sticking	On, Off
Setting Name	22 таңба немесе одан азырақ (әріптер, сандар және таңбалар).
Restore Settings	Yes, No

* Қосымша автоматты созылатын белдік бөлшегі орнатылған кезде ғана көрсетіледі.

🔧 Maintenance мәзірі

 ["Maintenance мәзірі" бетте 62](#)

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр
Nozzle Check	Басып шығаруды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
Head Cleaning	
All Nozzles	Execute (Light), Execute (Medium), Execute (Heavy)
Selected Nozzles	Execute (Light), Execute (Medium), Execute (Heavy)
Cutter Maintenance	
Adjust Cut Position	-3–3 мм
Replace Cutter	Жылжытуды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
Head Maintenance	Yes, No
Механизмнің қақпағын тазалау	Механизмді жылжыту үшін ОК түймесін басыңыз Бас тарту үшін Ⓝ
Waste Ink Counter	-

 **Setup мәзірі**
 ["Setup мәзірі" бетте 63](#)

Элемент	Параметр
Printer Setup	
Roll Paper Setup	
Auto Cut	On, Off
Refresh Margin	On, Off
Page Line	On, Off
Roll Paper Margin	
Side	3mm, 15mm
Top	5mm, 15mm
Bottom	5m, 15mm, 150mm
Roll Paper Remaining	On, Off
Remaining Alert	1–15 м

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр
Advanced Settings	
Remove Skew	On, Off
Drying Time Per Page	Off, 0,1–60 мин
Paper Size Check	On, Off
Paper Skew Check	On, Off
Print Nozzle Pattern	Off, әр 1–10 бет
Periodical Cleaning	
Light	Off, 1–240 сағат
Medium	
Heavy	
Cleaning Cycle	Off, әр 1–10 бет
Charge Setting	
Extend Charge Timing	
Орнату үшін сия түсін таңдау	On, Off
Forced Charge	
Орнату үшін сия түсін таңдау	Орындау үшін ОК Бас тарту үшін 3
Restore Settings	Yes, No
Printer Status	
Firmware Version	xxxxxxx,x.xx,xxxx
Option Status	Қосылған параметрлерді көрсетеді.
Carriage passes	Каретка өткізулерінің ағымдағы санын көрсетеді.
Network Setup	
IP Address Setting	
Auto	-
Panel	IP Address, Subnet Mask, Default Gateway
Print Status Sheet	Басып шығаруды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
Restore Settings	Yes, No
Power Settings	
Sleep Mode	5–240 минут
Power Off Timer	Off, 1–24 сағат
Restore Settings	Yes, No

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр
Preferences	
Language	Қолдау көрсетілетін тілдердің тізімі.
Unit: Length	м, фут/дюйм
Alert Lamp Setting	On, Off
Administrator Menu	
Date And Time	АА/КҚ/ЖЖ СС:ММ
Time Zone	GMT және ағымдағы уақыт белдеуі арасындағы айырмашылықты енгізіңіз.
Reset All Settings	Yes, No


Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Мәзір сипаттамалары

Paper мәзірі

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Load/Remove Paper		
Remove Paper		Экранда жою нұсқауларын көрсету үшін ОК түймесін басыңыз. Қағазды алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Қағаз жүктелмесе нұсқаулар көрсетілмейді.
Roll Paper		Таңдауды жасағаннан кейін ОК түймесін басыңыз. Қағазды жүктеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Егер таңдау жасағанда орам қағазы жүктеліп қойылған болса, жүктеу нұсқаулары көрсетілуге дейін жүктелген қағазды алу нұсқаулары көрсетіледі.
Select Paper Type		
1–10 (қағаз параметрінің саны)		Қағазды жүктегеннен кейін көрсетілген Select Paper Type бөлімінде орнатылған қағаз түрінен өзгерту үшін таңдаңыз. Параметрлерді сәйкес қағаз параметрлерінде пайдалану үшін 1 және 10 аралығындағы нөмірді таңдаңыз. Қағаз параметрлерін нөмірге сақтау үшін Custom Paper Setting әрекетін орындаңыз.
Custom Paper Setting		

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
XXXXXXXXXX (теңшелетін қағаз түрінің атауы)		
Select Reference Paper	Thinnest	Жүктеген қағаз қалыңдығына сәйкес қағаз түрін таңдаңыз.
	Thin	Принтер қағаз түріне сәйкес оңтайды қағаз параметрлерін сақтайды.
	Thick	Қағаз түрін өзгерткенде, ағымдағы Custom Paper Setting нөміріне тіркелген әр баспа материалының параметрі өзгертетін қағаз түрінің мәніне өзгереді.
	Thickest	Төменде әр қағаз түріне арналған қағаз енінің (г/м ²) нұсқаулықтары берілген.
	Adhesive	Thinnest: 60 немесе одан төмен Thin: 61–80 Thick: 81–120 Thickest: 121 немесе одан жоғары Adhesive: жабысқақ қағаз үшін, қағаз салмағына қарамай Adhesive параметрін таңдаңыз.
Platen Gap	1.2	Басып шығару механизмі мен қағаз арасындағы қашықтық болып табылатын білікше жолағын таңдаңыз. Әдепкі параметр жағдайлардың көпшілігінде ұсынылады. Басылған кескіндердің бояуы жағылса, кеңірек параметрді таңдаңыз. Егер басып шығару механизмін туралаудан кейін ол әлі де толығымен тураланбаған болса, параметрді “Narrow” параметрін өзгертіңіз.
	1.6	
	2.0	
	2.5	
Head Alignment	Manual(Bi-D)	Баспа материалының параметрлерін принтерге сақтау үшін, EMX file in Epson Edge Dashboard қолданбасын жүктеп алғанда немесе Custom Paper Setting параметрін пайдаланғанда қағаз параметрлерін оңтайландыру үшін осыны пайдаланыңыз.  “Қағаз параметрлерін оңтайландыру (Механизмді туралау және Қағаз беруді реттеу)” бетте 37

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Paper Feed Adjust	Pattern	Баспа материалының параметрлерін принтерге сақтау үшін, EMX file in Epson Edge Dashboard қолданбасын жүктеп алғанда немесе Custom Paper Setting параметрін пайдаланғанда қағаз параметрлерін оңтайландыру үшін осыны пайдаланыңыз. 🔗 “Қағаз параметрлерін оңтайландыру (Механизмді туралау және Қағаз беруді реттеу)” бетте 37
	Мән	Басып шығаруларда көлденең сызықтар пайда болғанда келесі реттеулерді орындаңыз. -0,70 және +0,70 % арасындағы реттеуді таңдаңыз. Егер қара сызық пайда болса, бұл қағаз беру мөлшері тым төмен екенін білдіреді, сондықтан мөлшерді арттырыңыз (+). Егер ақ сызық пайда болса, бұл қағаз беру мөлшері тым жоғары екенін білдіреді, сондықтан мөлшерді кемітіңіз (-).
Paper Suction	Lv4–Lv0	Қағаз бен басып шығару механизмінің арасындағы дұрыс қашықтықты сақтау үшін пайдаланылатын қағаз үшін сорудың дұрыс мөлшерін таңдау маңызды. Жұқа немесе жұмсақ қағаз үшін тым жоғары мәнді таңдау қағаз бен басып шығару механизмі арасындағы қашықтықты арттырып, баспа сапасының төмендеуіне әкеледі немесе қағаздың дұрыс берілуіне кедергі келтіреді. Мұндай жағдайларда қағазды сору механизмін төмендетуіңіз қажет. Осы параметрді төмендетсе, сору қуаты әлсірейді.
Feeding Tension	Lv1–Lv5	Басып шығару кезінде қағазда бүгілістер пайда болса, созылуын көбейтіңіз. Мән неғұрлым жоғары болса, соғырлым қаттырақ тартылады.
Take-up Tension ^{*1}	Lv1–Lv4	Егер басып шығару барысында сызат түссе немесе сия қабылдау орамындағы қағаздың артына жабысып қалса, осы параметрді төмендетуді ұсынамыз. Егер қағаз тым бос болса, осы параметрді арттыруды ұсынамыз. Мән неғұрлым жоғары болса, соғырлым қаттырақ тартылады.
Prevent Sticking	On	Принтер қосылғанда, басып шығару басталғанда және тағы басқа жағдайларда жабысуға қарсы операцияларды орындау үшін (On/Off) параметрін қосуды не қоспауды таңдаңыз. Off параметрі қалыпты жағдайларда ұсынылады. Қағаздың түріне байланысты кейбіреуі білікшеге жабысып қалуы мүмкін. Қағаз білікшеге жабысып қалған күйде жұмысты бастау, қағаздың дұрыс емес берілуіне және қағаз кептелісіне әкелуі мүмкін. Егер осындай жағдай болса, On параметрін орнатыңыз. On күйі орнатылғанда операциялар ұзағырақ уақыт алады.
	Off	
Setting Name		Custom Paper Setting параметрі үшін 22 таңбаға дейінгі атауды енгізіңіз. Айрықша атауларды пайдалану қолданылатын жиынтықтарды таңдауды жеңілдетеді.
Restore Settings	Yes	Таңдалған Custom Paper Setting мәнін әдепкі мәндерге қалпына келтіріңіз.
	No	

*1 Қосымша автоматты созылатын белдік бөлшегі орнатылған кезде ғана көрсетіледі.

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Maintenance мәзірі

* әдепкі параметрлерді көрсетеді.

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Nozzle Check		Саңылауларды тексеру үлгісін басып шығару үшін ОК түймесін басыңыз. Анық емес немесе жоқ түстер табылса, үлгіні көзбен тексеріп, басып шығару механизмін тазалаңыз. 🔗 “Бітелген саңылауларды тазалау” бетте 92
Head Cleaning		
All Nozzles	Execute (Light)	Анық емес немесе жоқ түстерді қамтитын үлгілер санын ескеріп, барлық немесе таңдалған саңылауларды тазалаңыз. Егер сызықтардың барлығында әлсіз немесе аймақтар жоқ болса, All Nozzles арқылы тазалауды орындаңыз. Егер белгілі бір сызықтарда әлсіз немесе аймақтар жоқ болса, Selected Nozzles арқылы тазалауды орындаңыз. Selected Nozzles бөлімінде бірнеше сызықты таңдауға болады. 🔗 “Бітелген саңылауларды тазалау” бетте 92
	Execute (Medium)	
	Execute (Heavy)	
Selected Nozzles	Execute (Light)	
	Execute (Medium)	
	Execute (Heavy)	
Cutter Maintenance		
Adjust Cut Position	-3–3 мм (0*)	Кесу орнын 0,1 мм қадамдарымен реттеуге болады.
Replace Cutter		Кескішті ауыстыру орнына жылжытады, сөйтіп оны ауыстыруға болады. Кескішті ауыстыру орнына жылжыту үшін ОК түймесін басыңыз. Кескішті ауыстыру мүмкін болмай тұрып қағазды алу керек. Жалғастырмай тұрып қағазды алыңыз. 🔗 “Кескішті ауыстыру” бетте 99
Head Maintenance	Yes	Басып шығару механизмін тазалайды. Осы опцияны орындау үшін Head Maintenance Kit (Басып шығару механизмінің техникалық жинағын) қажет. Толық мәліметтерді алу үшін келесіні қараңыз. 🔗 “Басып шығару басын калибрлеу” бетте 98
	No	
Head Cap Cleaning		ОК түймесін басқанда, басып шығару механизмі тазалау күйіне жылжып, қақпақтарды тазалауға болады. Тазалау туралы қосымша ақпарат алу үшін келесіні қараңыз. 🔗 “Қақпақтарды тазалау” бетте 76
Waste Ink Counter		Егер басқару тақтасында Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ауыстыру аралығын көрсететін хабар шақырмай тұрып Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ауыстырсаңыз, ауыстырудан кейін Waste Ink Counter опциясын іске қосыңыз.

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Setup мәзірі





* әдепкі параметрлерді көрсетеді.

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Printer Setup		
Roll Paper Setup		
Auto Cut	On*	Әр бет басылған кезде кірістірілген кескішті пайдаланып қағаз орамын автоматты түрде кесу үшін On күйін таңдаңыз немесе қағазды автоматты түрде кесуді өшіру үшін Off күйін таңдаңыз.
	Off	
Refresh Margin	On*	Егер жиексіз басып шығару кезінде On күйі таңдалған болса, принтер алдыңғы көшірме қалдырған болуы мүмкін кез келген сия дақтарын кетіру үшін алдыңғы жиекті автоматты түрде кеседі; бұл мүмкіндікті өшіру үшін Off күйін таңдаңыз. Дегенмен, жиексіз басып шығару осы принтер үшін кепілдік бермейді.
	Off	
Page Line	On*	Егер Auto Cut параметрі Off күйінде болса, қағаз орамында сызықтарды басуды (On) немесе баспауды (Off) таңдауға болады. Егер Auto Cut параметрі On күйіне орнатылса, басып шығаруды орындау мүмкін емес.
	Off	
Roll Paper Margin		
Side	3mm*	Жүктелген қағазда басып шығаруға арналған жиектерді орнатады. RIP арқылы параметрлер жасалғанда, басымдылық RIP параметрлеріне беріледі. 📄 "Басылып шығарылатын аймақ" бетте 50
	15mm	
Top	5mm	
	15mm*	
Bottom	5mm	
	15mm*	
	150mm	
Roll Paper Remaining	On*	Орам қағаздың қалған мөлшерін көрсетуді не көрсетпеді (On/Off) таңдаңыз. On параметрін таңдап, орам қағазының ұзындығын енгізгенде, Roll Paper Remaining әрекеті орындалады.
	Off	
Remaining Alert	1–15 м (5*)	Roll Paper Remaining параметрі үшін On күйі таңдалған болса көрсетіледі. Қалған қағаз орамының мөлшері сол шектен төмен түссе ескерту көрсету үшін 1–15 м ауқымында орнатыңыз. Қағаз ұзындығы 1 м қадамдармен орнатылады.



Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Advanced Settings		
Remove Skew	On*	Қағаз қисаюын азайтуды қосуды (On) немесе өшіруді (Off) таңдаңыз.
	Off	
Drying Time Per Page	Off*	Принтер әр бетті басып шығарудан кейін сияның кебуіне мүмкіндік беру үшін қанша уақыт кідіретінін көрсетіңіз. Off күйін немесе 0,1 және 60 минут арасындағы мәндерді таңдауға болады. Сияның тығыздығына немесе қағаз түріне байланысты сияның кебуіне біраз уақыт қажет болуы мүмкін. Егер сия қағазда жағылса, сияның құрғауы үшін ұзағырақ уақытты орнатыңыз. Құрғау уақыты неғұрлым ұзақ болса, басып шығару үшін соғұрлым көбірек уақыт қажет болады.
	0,1–60 минут	
Paper Size Check	On*	Қағаз жүктелгенде принтер қағаз енін автоматты түрде анықтайтынын не анықтамайтынын (On/Off) таңдаңыз. Бұл параметрді On күйіне орнатып пайдалану ұсынылады. Қағаз дұрыс жүктелгенде қағаз параметрінің қатесі көрсетілсе, Off күйін орнатып көріңіз. Бірақ, Off күйі таңдалса, принтер қағаздан тыс басып шығаруы мүмкін екенін ескеріңіз. Егер ол қағаздың жиектерінен тыс басып шығарса, принтердің іші сиямен ласталады. Қағаз қайта жүктелгенде өзгертілген параметрлер көрсетіледі.
	Off	
Paper Skew Check	On*	Егер On күйі таңдалған болса, басқару тақтасында қате көрсетіледі және қағаз қисайса басып шығару тоқтатылады; бұл мүмкіндікті өшіру үшін Off күйін таңдаңыз. On күйі жағдайлардың көпшілігінде ұсынылады, өйткені қисайған қағаз принтерде кептелуді тудыруы мүмкін.
	Off	
Print Nozzle Pattern	Off*	Принтер саңылау тексеру үлгісін басып шығару жиілігін таңдаңыз. Off күйі таңдалғанда Print Nozzle Pattern әрекеті орындалмайды. Әр 1–10 беттің жоғарғы жағында сынақ үлгісін басып шығару үшін 1 және 10 арасындағы опцияны таңдаңыз. Басып шығару аяқталған кезде алдағы немесе кейінгі баспадағы солғын түстер немесе түстердің мүлдем түспеуі мүмкіндігін анықтау үшін үлгіні көзбен тексеруге болады.
	1–10 бет	
Periodical Cleaning		
Light Medium* Heavy	Off, 1–240 сағат	Басып шығару механизмін мезгілді түрде тазалауды орындау күші мен уақытын орнатыңыз. Off күйі таңдалғанда Periodical Cleaning әрекеті орындалмайды. 1 мен 240 сағат арасындағы мән таңдалса, берілген сағат санына кейін басып шығару механизмін автоматты тазалау орындалады. Көрсетілген уақыт келген кезде басып шығару орындалып жатса, Periodical Cleaning әрекеті тек қана басып шығару аяқталған соң ғана орындалады. Келесі әрекет таймерді қалпына келтіреді: <input type="checkbox"/> Осы элемент үшін параметр уақытын таңдау. <input type="checkbox"/> Осы параметр үшін таңдалған параметрмен бірдей немесе одан жоғары күште All Nozzles параметрін қолданып басып шығару механизмі орындалған кезде. Off мәні Periodical Cleaning үшін таңдалған болса да, принтердің саңылауды бітелуден қорғау үшін басып шығарудан кейін көрсетілген аралықта басып шығару механизмін автоматты түрде тазалайтынын ескеріңіз.
Cleaning Cycle	Off*	Принтердің басып шығару механизмін автоматты тазалауды орындау жиілігін таңдаңыз: ешқашан (Off) немесе әр 1–10 бет сайын. Off күйі таңдалғанда Cleaning Cycle әрекеті орындалмайды. Көрсетілген беттер саны басылмай тұрып басып шығару механизмін тазалау үшін 1–10 арасынан таңдаңыз.
	1–10 бет	

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Charge Setting		
Extend Charge Timing		
Мақсатты сия ыдысында	On	<p>Чип құрылғысын резервтегенде және оны пайдалануды жалғастырғанда, экранда есептелген сия деңгейінің көрсетілуі арасында сәйкессіздік пайда болса және сияны толтырғанда (сия сия құтысының төменгі жағынан 50 мм болғандағы уақыт), сәйкессіздікті реттеу үшін келесі реттеулерді орындаңыз.</p> <p>Егер сияны толтыру уақыты келгенде индикатор 2 немесе одан көп деңгейлерге төмендесе, осы параметрді On күйіне орнатыңыз.</p> <p>Индикатор</p>  <p>Сия ыдысы</p>  <p>Егер сияны толтыру уақыты келгенде индикатор толы немесе 1-деңгейден төмендесе, осы параметрді Off күйіне орнатыңыз.</p> <p>Индикатор</p>  <p>Сия ыдысы</p>  <p>On күйіне орнатылып тұрғанда принтерді пайдалануды жалғастыру үшін Forced Charge параметрі қажет болуы мүмкін.</p> <p>Егер сияны толтыру уақыты келгенде индикаторда тек 1-деңгей қалғанда, осы параметрді реттеу мүмкін емес. Forced Charge әрекетін келесі бөлімде көрсетілгендей орындаңыз.</p>
	Off	

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Forced Charge		
	Мақсатты сия ыдысын таңдау	<p>Резервтелген чипті пайдалануды жалғастырғанда сияны толтыру уақыты келгенде, тек 1-деңгей қалғанда (келесі суретті қараңыз), индикатормен сәйкессіздік болса, осыны орындаңыз.</p> <p>Индикатор</p>  <p>Сия ыдысы</p>  <p>Мақсатты сия құтысының сырғытпасында жаңа чип құрылғыны орнатып, оны принтерге алдын ала бекітіңіз, содан соң осы реттеуді орындаңыз. Мақсатты сия құтысын осы параметрде таңдап, ОК түймесін бассаңыз, толтырудан бас тартылып, принтер алдын ала бекітілген чип құрылғысынан жаңадан толтырылады. Бас тартылған толтыру қайта толтыру мүмкін емес немесе оның бастапқы күйіне қайтарылмайды.</p> <p>Индикаторда 2 деңгейден көп болған жағдайда осы реттеуді орындау мүмкін емес.</p>
Restore Settings	Yes	Принтер параметрлерін әдепкі мәндерге қалпына келтіру үшін Yes параметрін таңдаңыз.
	No	
Printer Status		
Firmware Version	xxxxxxx,х.хх,хххх	Микробағдарламаның нұсқасын көруге болады.
Option Status	XXXXXXXXXX	Осы принтерге жалғанған қосымша құрылғының атауын көрсетеді.
Carriage passes	XXXXXXXXXX	Каретка өткізулерінің ағымдағы санын көрсетеді.
Network Setup		
IP Address Setting	Auto*	DHCP (Auto) арқылы немесе қолмен (Panel) алынған IP мекенжайларын таңдаңыз. IP address, Subnet Mask және Default Gateway параметрлерін Panel ішінен орнатыңыз. Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз.
	Panel	
Print Status Sheet		Желілік параметрлердің тізімін басып шығару үшін ОК түймесін басыңыз. Желі параметрлерін толық жалпы шолу үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.
Restore Settings	Yes	Желі параметрлерін әдепкі мәндерге қалпына келтіру үшін Yes параметрін таңдаңыз.
	No	
Power Settings		

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану

Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Sleep Mode	5–240 минут (15*)	Ұзақ уақыт бойы қателер орын алмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасында әрекеттер орындалмаса, принтер ұйқы режиміне кіреді. Бұл параметр принтер қанша уақыттан кейін ұйқы режиміне кіретінін таңдайды. 🔗 "Power Off Timer функциясын пайдаланып қуатты өшіру" бетте 52
Power Off Timer	Off	Принтер сегіз сағат бойы қателер болмаса, баспа тапсырмалары алынбаса және басқару тақтасының немесе басқа әрекеттер орындалмаса автоматты түрде өшеді. Принтер өшпей тұрып болатын кідірісті 1 сағаттық қадамдармен 1 және 24 сағат арасындағы мәндерден таңдауға болады. Принтердің автоматты түрде өшуін болдырмау үшін Off күйін таңдаңыз.
	1–24 сағат (8*)	
Restore Settings	Yes	Бүкіл Power Settings әдепкі мәндеріне қалпына келтіру үшін Yes пәрменін таңдаңыз.
	No	
Preferences		
Language	Жапон	Басқару тақтасының экранында пайдаланылатын тілді таңдаңыз.
	Ағылшын	
	Француз	
	Итальян	
	Неміс	
	Португал	
	Испан	
	Дат	
	Орыс	
	Корей	
	Қытай	
	Түрік	
	Индонезиялық	
	Тай	
Unit: Length	m*	Басқару тақтасының экранында көрсетілетін немесе үлгілерде басылатын ұзындық бірлігін таңдаңыз.
	ft/in	
Alert Lamp Setting	On*	Қате пайда болғанда жанатын дабыл шамын қосыңыз (On) немесе ажыратыңыз (Off).
	Off	
Administrator Menu		

Басқару тақтасы мәзірін пайдалану


Элемент	Параметр	Түсіндірмесі
Date And Time		Принтердің бекітілген сағатын орнатыңыз.
Time Zone		<p>Ағымдағы уақыт белдеуі және GMT арасындағы айырмашылықты енгізіңіз.</p> <p>Таңдалған уақыт белдеуі қателер орын алғанда және т.с.с. Remote Manager жіберетін электрондық хабарландыруларда пайдаланылады.</p> <p>Remote Manager — принтердің күйін тексеруге және желі реттеулерін жасауға мүмкіндік беретін принтердің желі интерфейсіне кірістірілген стандартты қызметтік бағдарлама. Бағдарламалық құралды іске қосу үшін компьютерде пайдаланып отырған веб-браузерде принтерге арналған IP мекенжайын енгізіңіз.</p> <p>Іске қосу Remote Manager 🔗 "Remote Manager бағдарламасын пайдалану" бетте 26</p>
Reset All Settings	Yes	Setup мәзіріндегі Date And Time, Language және Unit: Length параметрлерін қоспағанда бүкіл параметрлер үшін әдепкі мәндерді қалпына келтіру үшін Yes пәрменін таңдаңыз.
	No	

Техникалық қызмет көрсету

Әртүрлі техникалық қызмет жұмыстарын орындаған кезде

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

Егер принтерді тазаламай пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл саңылаулардың бітелуіне, сияның тамшылауына немесе принтердегі түстердің өзгеруіне әкеп соқтыруы мүмкін.



Орындау уақыты	Тазарту қажет компонент
Айына бір рет	① Білікшені тазалау
Апта сайын	② Қақпақтарды тазалау Процедураны YouTube желісіндегі бейнеде тексеруге болады. 🔗 Epson Video Manuals
	③ Тығыздығы жоғары қара сияны араластыру Тығыздығы жоғары қара сияны қолдану кезінде араластыру таяқшасын жоғары-төмен бір секунд бойы жылжытыңыз және мұны шамамен 15 рет қайталаңыз.


Техникалық қызмет көрсету

 **Маңызды:**

Принтерде дәл құралдар бар. Басып шығару механизмінің саңылауларына қылшықтар немесе шаң жабысса, басып шығару сапасы немесе қағаз беру сапасы төмендейді.

Ортаға және пайдаланылатын қағазға байланысты, жүйелі тазалауды жиірек орындаңыз.


Шығын материалдарын ауыстыру және толтыру



Орындау уақыты	Ауыстырылатын компонент
Егер қалған сия деңгейі 50 мм немесе одан төмен болса	1 Сия толтыру 📖 "Сияны толтыру" бетте 83
Басқару тақтасында ауыстыру туралы хабар көрсетілген кезде	2 Қолданылған сия бөтелкесі 📖 "Қолданылған сияны тастау" бетте 90
Қағаз ұқыпсыз кесілген/ Кесілген жерлердің шеттері желінген	3 Кескіш

Басып шығару сапасы төмендеген кезде қызмет көрсету

Көлденең сызықтар шыққан немесе түстер дұрыс емес болған кезде



Техникалық қызмет көрсету

Принтердің нәтижелері жақсарғанша келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз

Басып шығару механизмін тазалау үшін келесі деңгейлердің бірін таңдауға болады; **Execute (Light)**, **Execute (Medium)** немесе **Execute (Heavy)**.

Алдымен, **Execute (Light)** параметрін пайдаланыңыз. Егер тексеру үлгісін басып шығару кезінде әлсіз білінетін сегменттер болса немесе сегменттер мүлдем көрінбесе, **Execute (Medium)** пәрменін орындаңыз; егер саңылаулар әлі де бітелген болса, **Execute (Heavy)** пәрменін орындаңыз.

[🔗 "Бітелген саңылауларды тазалау" бетте 92](#)



Егер басып шығару нәтижелері басып шығару механизмін үш рет тазалағаннан кейін де жақсармаған болса

2. Қақпақты тазалаңыз

Қоса жеткізілетін Қақпақты тазалау жиынтығын қолдану арқылы тазалаңыз. Тазалар алдында келесіні қараңыз.

[🔗 "Қажетті нәрселер" бетте 74](#)

[🔗 "Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары" бетте 75](#)

Тазалау процедурасын YouTube желісіндегі бейнеден тексеруге болады.

[🔗 Epson Video Manuals](#)



Басып шығару нәтижелері қақпақтарды тазалағаннан кейін де жақсармаған болса

3. Сүрткіштерді/сүрткішті тазалағышты ауыстырыңыз

Ауыстыру жұмыстары кезінде сізге арнайы осы принтерге арналған алмалы-салмалы сүрткіштер жиынтығы қажет. Ауыстырар алдында келесіні қараңыз.

[🔗 "Қажетті нәрселер" бетте 74](#)

[🔗 "Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары" бетте 75](#)

Ауыстыру процедурасын YouTube желісіндегі бейнеден тексеруге болады.

[🔗 Epson Video Manuals](#)

Егер басып шығару сапасы әлі де жақсармаған болса, дилерге немесе Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Егер сияның тамшылары пайда болса



Принтердің нәтижелері жақсарғанша келесі әрекеттерді орындаңыз.

Техникалық қызмет көрсету

1. Басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз

Басып шығару механизмін тазалау үшін келесі деңгейлердің бірін таңдауға болады; **Execute (Light)**, **Execute (Medium)** немесе **Execute (Heavy)**.

Алдымен, **Execute (Light)** параметрін пайдаланыңыз. Егер тексеру үлгісін басып шығару кезінде әлсіз білінетін сегменттер болса немесе сегменттер мүлдем көрінбесе, **Execute (Medium)** пәрменін орындаңыз; егер саңылаулар әлі де бітелген болса, **Execute (Heavy)** пәрменін орындаңыз.

 ["Бітелген саңылауларды тазалау" бетте 92](#)



Егер басып шығару нәтижелері басып шығару механизмін үш рет тазалағаннан кейін де жақсармаған болса

2. Басып шығару механизмін тазалаңыз

Тазалау жұмыстары кезінде сізге арнайы осы принтерге арналған алмалы-салмалы басып шығару механизмін тазалау жиынтығы қажет. Тазалар алдында келесіні қараңыз.

 ["Қажетті нәрселер" бетте 74](#)

 ["Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары" бетте 75](#)

Тазалау процедурасын YouTube желісіндегі бейнеден тексеруге болады.

 [Epson Video Manuals](#)

Егер басып шығару сапасы әлі де жақсармаған болса, дилерге немесе Epson қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Қажетті нәрселер

Тазалауды және ауыстыруды бастар алдында келесі нәрселерді дайындаңыз.

Бірге берілген бөлшектер толығымен пайдаланылған кезде, жаңа тұтынылатын материалдарды сатып алыңыз. Сия қаптамаларын ауыстырғанда немесе қызмет көрсеткенде түпнұсқа бөлшектерді дайындаңыз.

 "Қосымша" бетте 112

Қолғаптарыңыз тозса, сатылымда бар нитрил қолғаптарды дайындаңыз.

Қорғаныш көзілдірігі (сатылымда бар)

Көздеріңізді сиядан және ink cleaner (сия тазалағыш) қорғайды.

Маска (сатылымда бар)


Мұрныңыз бен аузыңызды сиядан және ink cleaner (сия тазалағыш) қорғайды.

Қақпақ тазалау жиынтығы (принтермен бірге беріледі)

Қақпақтарды тазалау үшін пайдаланыңыз.

Келесі заттар жинақта бар.

Бірге берілген бөлшектер толығымен пайдаланылған кезде, жаңа тұтынылатын материалдарды сатып алыңыз.



① Қолғап (x2)

② Тамызғыш (x2)

③ Тазалағыш таяқшалар — Кең (x50)


④ Тазалағыш таяқшалар — Жіңішке (x25)

⑤ Қақпақты тазалау сұйықтығы (x1)

⑥ Ыдыс (x1)

Басып шығару механизміне қызмет көрсету жиынтығы (шығын материалы)

Басып шығару механизмін тазалау үшін осыны пайдаланыңыз.

**Сүрткіш жиынтығы (шығын материалы)**


Бұл жиынтық алмалы-салмалы сүрткіштер мен сүрткішті тазалағыштардан тұрады.



① Қолғап (x2)

② Сүрткіштер (x2)

③ Сүрткішті тазалағыштар (x2)

Металл немесе пластик (PP/PE) науа (сатылады)

Жұмыс барысында тазалау ыдыстарын, алынған шығын материалдарын немесе қақпаққа енгізілген, принтермен бірге берілетін қақпақты тазалау сұйықтығын пайдаланыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

Жұмсақ шүберек (сатылымда бар)

Тигельді тазалау үшін пайдаланыңыз. Шаң немесе статикалық электр тогын туындататын заттарға ұқсамайтын элементтерді пайдаланыңыз.

Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары

Бөлшектерді тазалағанда және ауыстырғанда келесі нәрселерді ескеріңіз.

**Сақтандыру:**

- ❑ *Техникалық қызмет көрсету барысында қорғаныс көзілдірігін, қолғапты және масканы қоса, қорғаныс киімін киіңіз. Егер сия, қолданылған сия немесе қақпақты тазалау сұйықтығы теріңізге тисе әлде көзіңізге немесе аузыңызға түсіп кетсе, бірден келесі әрекеттерді орындаңыз.*
 - ❑ *Егер сұйықтық теріңізге жабысып қалса, сабынды судың көп көлемімен жуып тастаңыз. Тиген аймақта кез келген әсердің үдеуін байқасаңыз, дереу кәсіби дәрігермен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Сия көздеріңізге кірсе, оларды дереу сумен жуыңыз. Осы сақтық шараларын қолданбау көзіңізді қызартуға немесе аздап тітіркенуге әкелуі мүмкін. Қандай да болмасын басқа ақаулар жетілдірілетін болса, кәсіби маманмен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Сұйықтық аузыңызға кіретін болса, мүмкіндігінше дереу дәрігермен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Жұтып жіберсеңіз, құспаңыз. Мүмкіндігінше дереу дәрігермен кеңесіңіз. Құсқан кезде, құсық заттар өңешке өтіп кетуі мүмкін, бұл қауіпті.*
 - ❑ *Сияның қаптамаларын, қолданылған сияны және қақпақты тазалайтын сұйықтықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.*
- ❑ Жалғастырар алдында принтерден баспа материалын шығарыңыз.
 - ❑ Белдіктерді, схемалық тақтаны немесе тазалауды қажет етпейтін кез келген бөлшекті ұстамаңыз. Бұл сақтандыруды қадағаламау дұрыс жұмыс істеуге немесе басып шығару сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету


- ❑ Берілген немесе тұтынылатын тазалау таяқшасынан басқа ештеңені пайдаланбаңыз. Басқа талшық шығаратын таяқша түрлері басып шығару механизміне зақым келтіреді.
- ❑ Жаңа тазалау таяқшаларын пайдаланыңыз. Таяқшаларды қайта пайдалану дақтарды кетіруді мүлдем қиындатады.
- ❑ Тазалағыш таяқша ұштарын ұстамаңыз. Қолдағы май басып шығару механизміне зақым келтіруі мүмкін.
- ❑ Қақпақтарды тазалау үшін арнайы көрсетілген қақпақты тазалау сұйықтығынан өзге заттарды қолданбаңыз. Кері жағдайда, бұл құралдың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе басып шығару сапасының төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- ❑ Қандай да бір статикалық электр тогын зарядсыздандыру үшін жұмысты бастар алдында металл нәрсені ұстаңыз.

Техникалық қызмет көрсетуді жүйелі түрде орындау


Қақпақтарды тазалау


Қақпақтарды апта сайын тазалаңыз. Ортаға және пайдаланылатын қағазға байланысты, тазалауды жиірек орындаңыз.

Бұл процедураны бастау алдында келесі ақпаратты оқыңыз.

 “Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары” бетте 75


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1 Принтер қосулы болуы керек. ◀/▶ түймелерін пайдаланып  қойындысын таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
“Maintenance” мәзірі көрсетіледі.
- 2 **Head Cap Cleaning** параметрін таңдау үшін ▲/▼ түймелерін пайдаланыңыз, содан соң OK түймесін басыңыз.
- 3 OK түймесін басыңыз.
Басып шығару механизмі тазалау қалпына жылжытылады.

Техникалық қызмет көрсету


- 4** Техникалық қызмет көрсету қақпағын ашу үшін басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.




- 5** Жаңа, құрғақ тазалау таяқшасын (енсіз) перпендикуляр бағытта ұстаңыз және қақпақтардың сыртқы аймақтарын сүртіңіз.

! **Маңызды:**


Сорып алу қақпағының (сол жақ бұрыштағы қақпақ) іш жағын ұстамаңыз. Бөлік зақымдалып және енді қақпақты дұрыс орындау мүмкін болмайды.




- Барлығы 6 қақпақ бар. Барлық қақпақтың айналасындағы аймақты тазалаңыз.



- 6** Бағыттағыш бөлімге жабысып қалған сияны сүртіңіз.




- 7** Науадағы қақпақ тазалау жиынтығы бірге берілген шыныаяқты қойыңыз және шыныаяққа қақпақ тазалау сұйықтығын шамамен 5 мл құйыңыз.



Техникалық қызмет көрсету

- 8** Тамызғыш арқылы қақпақ тазалау сұйықтығын тамызыңыз.




- 9** Тамызғыштан қақпақ тазалау сұйықтығын (2–3 тамшы) кебуден қорғау қақпақтары (сол жақ бұрышынан басқа барлық қақпақ) толғанша тамызыңыз.

! Маңызды:

Қақпақ тазалау сұйықтығын сорып алу қақпағының ішіне тамызбаңыз. Бұл принтерді бұзуы мүмкін.


Егер қателесіп тамызып алсаңыз да, тамшыларды сүртіп құрғатыңыз. Егер сорып алу қақпағының ішін ұстасаңыз, онда осыдан кейін қақпақпен дұрыс жабуды орындау мүмкін болуы ықтимал.



Егер 2–3 тамшы жеткілікті болмаса, тағы қосыңыз.



Кебуден қорғау қақпақтарының ішінен толып кетуіне жол бермеңіз.

Барлығы 5 кебуден қорғау қақпағы бар. Қақпақ тазалау сұйықтығын барлық кебуден қорғау қақпақтарына тамызыңыз.




OK

⊘




Техникалық қызмет көрсету

- 10** Қақпақ тазалау сұйықтығын бардық кебуден қорғау қақпақтарынан сорып алу үшін жаңа, құрғақ тазалау таяқшасын (енді) пайдаланыңыз.




- 11** Қалған қақпақ тазалау сұйықтығын сүртіп алу үшін басқа жаңа, құрғақ тазалау таяқшасын (енді) пайдаланыңыз.



! **Маңызды:**

Төмендегі кескіндерге ұқсағанша сүртуді жалғастырыңыз. Кебуден қорғау қақпақтарының ішінде қалған сия немесе тазалау сұйықтығы саңылаулардың бітелуін шақыруы мүмкін.



- 12** Тазалаудан кейін, техникалық қызмет көрсету қақпағын жауып, ОК түймесін екі рет басыңыз.

Басып шығару механизмі қалыпты күйге қайтарылғанда, принтер басып шығаруға дайын.

Осы операциядан кейін басып шығару үшін **Nozzle Check** әрекетін орындаңыз.

 [“Тексеру үлгісін басып шығару” бетте 93](#)

Техникалық қызмет көрсету

! Маңызды:

- ❑ Тазалауға пайдаланылған лас қақпақ тазалау сұйықтығын қайта пайдаланбаңыз.
- ❑ Лас қақпақ тазалау сұйықтығы мен пайдаланылған тазалау таяқшалары өнеркәсіптік қоқыс болып табылады. Оларды қолданылған сиямен бірге лақтырыңыз.
☞ "Қолданылған шығын материалдарын пайдалану" бетте 102
- ❑ Қақпақ тазалау сұйықтығын бөлме температурасында, тік күн сәулесі түспейтін жерде сақтаңыз.
- ❑ Қақпақ тазалау сұйықтығын пайдаланған соң, қақпақты жапқаныңызды тексеріңіз.

High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиясын араластыру


High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сияның сипаттамаларының ерекшелігі оңай тұндыруға әкеледі. Сия ыдысындағы сияны аптасына бір рет араластырып тұрыңыз. Тұнып қалу туындаған кезде басып шығару орындалса, баспа нәтижелерінде түстің өзгешеліктері болуы мүмкін.

Бұл процедураны бастау алдында келесі ақпаратты оқыңыз.

☞ "Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары" бетте 75

1

HDK сия жапсырмасы жабысқан сырғытпаның сия кіріс қақпағын ашыңыз.



2


Сия ыдысынан сия кірісінің қақпағын алыңыз.

Сияның кіріс қақпағын алу үшін суреттегі дөңгелектелген аймақта көрсетілген бөлікті ұстаңыз. Сияның ішкі қақпағы кез келген басқа бөлікпен алынған болса, сия жабысады.

! Маңызды:


Сияның кіріс қақпағын баяу алып тастаңыз. Егер қақпақты тым жылдам алып тастасаңыз, сия шашырауы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету



3 Бір секундтың аралығында араластыру таяқшасын жоғары және төмен жылжытыңыз. Шамамен 15 рет қайталаңыз.


Араластыру таяқшасын жоғары және төмен жылжытқанда, араластыру таяқшасын араластыру таяқшасы толық көрінгенше көтеріңіз, содан соң сияның кіріс қақпағы сия ыдысына тигенше түсіріңіз.



! **Маңызды:**

Араластыру таяқшасын баяу жылжытыңыз. Егер тым жылдам жылжытсаңыз, сия шашырауы мүмкін.

4 Сияның кіріс қақпағын сия ыдысына қойыңыз.




! **Маңызды:**

Сияның кіріс қақпағын ажырап қалмайтындай етіп қатты басыңыз. Егер сырғытпаны тартып жатқанда сияның кіріс қақпағына тисе, қақпақ зақымдалуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету

- 5** Сия кірсінің қақпағын жабыңыз.




Білікшені тазалау

Білікшеге қағаз бөлшектері немесе сия жабысқанда ол ласталады. Білікшені айына бір рет тазалауды ұсынамыз, себебі сия білікшеге жабысса, қағаз лас болады.

Ортаға және пайдаланылатын қағазға байланысты, тазалауды жиірек орындаңыз.


Бұл процедураны бастау алдында келесі ақпаратты оқыңыз.

 [“Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары” бетте 75](#)

- 1** Принтердің және экранның өшірулі екенін тексеріңіз және қуат кабелін розеткадан суырыңыз.
- 2** Қуат ашасын ажыратқаннан кейін бір минут күтіңіз.

- 3** Принтердің қақпағын ашыңыз және принтер ішіндегі кез келген шаңды немесе кірді мұқият тазалау үшін жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз.

Төмендегі суретте көк түспен көрсетілген аумақты (a) мұқият тазалаңыз. Кірді таратуды болдырмау үшін ішінен сыртына қарай сүртіңіз. Егер қатты кір мәселесі бар болса, оны жұмсақ, таза, орташа жуғыш затқа малынған шүберекпен тазалаңыз. Содан кейін принтердің ішін құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.




Маңызды:

- Тазалау кезінде роликке немесе сияны сіңіретін аумақтарға (b, сұр түспен көрсетілген) тимеңіз, өйткені басылған материалдар ласталуы мүмкін.
- Принтер ішіндегі сия түтіктеріне тимеңіз, әйтпесе принтер зақымдалуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету

- 4** Егер білікшеде қандай да қағаз бөлшектері (ақ ұнтақ сияқты болып көрінетін) жиналса, оны кіргізу үшін коктейль таяқшасы сияқты бірдеңені пайдаланыңыз.



- 5** Тазалауды аяқтағаннан кейін принтер қақпағын жабыңыз.

Басып шығарылатын беті білікшені тазалағаннан кейін де лас

Орам қағазын беру және шығару арқылы орамды тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- 1** Принтерді қосыңыз және оған кеңдігі ең үлкен қол жетімді қағаз орамын жүктеңіз.

🔗 [“Қағаз орамын жүктеу және алу” бетте 29](#)

- 2** ⌂ түймесін, содан кейін ▼ түймесін басыңыз.

Қағаз ▼ түймесі басулы кезде беріледі. Егер қағаз ласталмаған болса, тазалау аяқталғаны.

Тазалау аяқталғаннан кейін қағазды кесіңіз.

🔗 [“Қолмен кесу әдісі” бетте 32](#)

Сияны толтыру

Сия толтыруларға арналған уақыт аралығы

Егер басқару тақтасының экранында **Check Ink Levels** хабарламасы көрсетілсе, дереу келесі екі қадамды орындаңыз.

- ❑ Тиісті түстің сия қаптамасын дайындаңыз.
- ❑ Қалған сия деңгейі сия ыдысының түбінен 50 мм не азырақ болса, чип бөлігін ауыстырыңыз және сия толтырыңыз.

Егер бір түс үшін **Refill Ink Tank** хабарламасы көрсетілсе, басып шығару мүмкін болмайды. Егер баспа тапсырмасы ортасында **Check Ink Levels** хабарламасы көрсетілсе, басып шығару жалғастырылғанда чип бөлігін ауыстыруға және сияны толтыруға болады.

Қолдау көрсетілетін сия қаптамалары

🔗 [“Қосымша” бетте 112](#)

⚠️ **Маңызды:**

Бұл принтер қалған сия туралы ескерту жүйесімен жабдықталған. Бір қаптамадағы қолжетімді сия мөлшері туралы ақпарат жаңа сия қаптамасымен бірге берілетін чип құрылғысында жазылады. Жаңа чип құрылғысын принтерге орнату арқылы осы ақпарат принтерге жазылады.

Қалған сия туралы ескерту жүйесі қалған сия мөлшерін сияның бір қорабына қатысты принтерге жазылған ақпараттар және сияны қолдану жағдайлары негізінде бағалайды да, экранға тиісті хабарлама шығарады. Осы жүйенің дәлдігін сақтау үшін қалған сия сия ыдысының төменгі жағынан 50 мм немесе азырақ болса, мүмкіндігінше тез чипті ауыстыру және сияны толтыру керек.

Техникалық қызмет көрсету

Чип құрылғыларын қуаттау және резервтеу

Чип құрылғысы принтерге орнатылғанда бір сия орамасындағы сияның қолжетімді мөлшері туралы ақпаратты жазу “толтыру” деп аталады. Толтырғаннан кейін принтерге орнатылған чип құрылғысын келесі жаңа сия орамасымен бірге берілетін чип құрылғысына ауыстыруға болады. Толтыру “сақтау” деп аталғаннан кейін жаңа чип құрылғысын ауыстыру. Сақтау арқылы бір сия орамасындағы сияның қолжетімді мөлшері туралы ақпарат, толтыру орындалып жатқанда сақталған чип құрылғысынан принтерге бір уақытта автоматты түрде толтырылады. Сияның есептелген мөлшеріне арналған индикатордың деңгейі 1–6 мән аралығында болса, сақтауды кез келген уақытта орындауға болады.

Резервтеу орындалған жағдайда, сияның есептелген мөлшері азайған кезде ескерту беріледі. Егер қалған сия сия ыдысының төменгі жағынан 50 мм немесе одан азырақ болса, сияны сияның бір қаптамасымен толтырыңыз. Чип құрылғыларын ауыстыру процедурасына арналған келесі беттегі 2–6 арасындағы қадамдарды қараңыз. Чип құрылғыларының күй белгілері арқылы чиптің сақталғанын не сақталмағанын тексеруге болады.

 [“Дисплейді түсіну” бетте 13](#)

Сияны қайта толтыруларға арналған процедура

Қайта толтыру әдісі сия түріне байланысты әртүрлі болады. Сия түріне сай келетін қайта толтыру әдісін пайдаланыңыз.

Әрекеттерді орындамас бұрын, “Қауіпсіздік деректері парағын” және келесі ескертпелерді тексеріңіз.

“Қауіпсіздік деректері парақтары” веб-сайтымызда қолжетімді.

Оны жергілікті Epson веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

Сақтандыру:

- ❑ *Сия орамаларын және қалдық сияны балалардың қолы жетпейтін орында сақтаңыз.*
- ❑ *Техникалық қызмет көрсетуді орындаған кезде қорғаныс көзілдірігін, қолғаптарды және масканы киіңіз. Сия немесе қалдық сия теріге тисе немесе көзіңізге не аузыңызға кірсе, келесі әрекеттерді орындаңыз:*
 - ❑ *Егер сұйықтық теріңізге жабысып қалса, сабынды судың көп көлемімен жуып тастаңыз. Тиген аймақта кез келген әсердің үдеуін байқасаңыз, дереу кәсіби дәрігермен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Сия көздеріңізге кірсе, оларды дереу сумен жуыңыз. Осы сақтық шараларын қолданбау көзіңізді қызартуға немесе аздап тітіркенуге әкелуі мүмкін. Қандай да болмасын басқа ақаулар жетілдірілетін болса, кәсіби маманмен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Сұйықтық аузыңызға кіретін болса, мүмкіндігінше дереу дәрігермен кеңесіңіз.*
 - ❑ *Жұтып жіберсеңіз, құспаңыз. Мүмкіндігінше дереу дәрігермен кеңесіңіз. Құсқан кезде, құсық заттар өңешке өтіп кетуі мүмкін, бұл қауіпті.*
- ❑ *Сияны қайта толтырған кезде келесі мәселелерді ескеріңіз.*
 - ❑ *Сия бумасының ашық саңылауын абайлап кесіңіз. Тым көп күш қолданылса, сияның шашырауы мүмкін.*
 - ❑ *Ашқан соң, сия бумасын тым қатты қыспаңыз. Бұл сияның бумадан сығылуын туғызуы мүмкін.*
 - ❑ *Сияны сия ыдысына құйған кезде, құю үшін сия бумасын жайлап еңкейтеңіз.*


Техникалық қызмет көрсету

! Маңызды:

- ❑ *Epson компаниясы түпнұсқалық Epson сия қаптамаларын пайдалануды ұсынады. Epson компаниясы түпнұсқалық емес сияның сапасы немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды. Түпнұсқалық емес сияны пайдалану Epson кепілдіктерімен қамтылмайтын зақымға әкелуі және белгілі бір жағдайларда принтердің дұрыс емес жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін. Түпнұсқалық емес чип құрылғысының күйі туралы ақпарат көрсетілмейді және түпнұсқалық емес сияны пайдалану қызмет көрсету жүйесінде пайдалану мүмкіндігі үшін жазылады.*
- ❑ *Осы жерде көрсетілгеннен басқа түпнұсқадағы Epson сиясы Epson кепілдіктерімен қарастырылмаған зақымға әкелуі мүмкін.*
🔗 "Параметрлер және тұтынылатын өнімдер" бетте 112
- ❑ *Сия ыдысына заттар қоймаңыз немесе сия ыдысына қатты соққылардың әсерін тигізбеңіз. Сия ыдысы ажыратылған болуы мүмкін. Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.*
- ❑ *High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) және Black (Қара) сиялар араласатын болса, пайдаланбаңыз. Қолданыстағы Black (Қара) сия түрін өзгерткен кезде, сия ыдысын тек қызмет көрсету инженері ауыстыру керек. Black (Қара) сияның түрін өзгерту тегін орындалады. Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.*

1

Басқару панелінің экранында **Check Ink Levels** жазуы шыққан кезде, сия сыйымдылығындағы сияның деңгейін тексеріңіз.



Сия деңгейі металл пластинаның үстіңгі ернеуінен төмен екеніне көз жеткізіңіз. Егер басқару тақтасында чип құрылғысының күйі сақталған болса, 7-қадамға өтіңіз. Егер ол сақталмаған болса, 2-қадамға өтіңіз.

Қалған сия мөлшері металл пластинаның үстіңгі ернеуінен жоғары болған кезде

Сия сыйымдылығына жаңа сия қаптамасының ішіндегі сияны түгелдей құя алмайсыз. Сия деңгейі металл пластинаның үстіңгі ернеуіне жеткенше сия құюды жалғастырыңыз.

Қалған сия мөлшері тесіктің үстіңгі бөлігінен төмен болған кезде

Қалған сия мөлшері тесіктің үстіңгі бөлігінен төмен болған жағдайда, оның деңгейі минималды көрсеткіштен төмен болуы мүмкін, мұндайда басып шығару әрекетін тоқтату керек. Бұл жағдайда, бірден сия толтырыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

! Маңызды:


Егер қалған сия металл пластинаның үстіңгі шетінен төмен болса және **Refill Ink Tank** хабарламасы шықса, сияны ауыстыру қажет. Сия ыдыстарын ауыстырыңыз. Ауыстыру және жөндеу жұмыстары үшін бөлек ақы алынады.

Ауыстыру және жөндеу жұмыстары барысында сия ыдысындағы сия тасталады. Сия ыдысындағы сияны кірмен, шаңмен және басқа да өзге заттармен ауыстыратындықтан және ол сия құтысының жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін болғандықтан, мұны орындау қажет.


Сия ыдысын ауыстыру аралығы пайдалану ортасына және жағдайларына байланысты.

Дилерге немесе Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

2 Бүйір қақпағын ашыңыз.




3 Саусағыңызды сырғытпаның жоғарғы жағындағы жиегіне іліп, оны тіке тартыңыз.



! Маңызды:

Сырғытпаны еңкейтпеңіз. Чип бөлігін түсіріп алу оны зақымдауы мүмкін.


4 Чип құрылғысын сырғытпадан алып тастаңыз.




Техникалық қызмет көрсету

- 5** Жаңа сия бумасымен келетін чип бөлігін орнатыңыз.

Орнату кезінде сырғытпадағы таңбалар мен чип бөлігі бірдей түсте болуын тексеріңіз.




- 6** Сырғытпа деңгейін тігінен ұстап, оны салыңыз. Бүйір қақпағын жабыңыз.



! Маңызды:


Сырғытпаны қатты күшпен итермеңіз. Мұның зақымдауы мүмкін.

- 7** Жаңа сия бумасын суретте көрсетілгендей шамамен 5 см қозғалыстарында 15 рет көлденеңінен 5 секундқа шайқаңыз.



- 8** Сырғытпаның ішкі қақпағын ашудың алдында, басқару тақтасының экранында ешқандай ескертулер немесе қателер көрсетілмейтінін тексеріңіз.

Егер қате немесе ескерту көрсетілсе, қатені немесе ескертуді шешу үшін хабарлардағы нұсқауларды орындап, келесі операцияға өтіңіз.



- 9** Сия ыдысынан сия кірісінің қақпағын алыңыз.


Сияның кіріс қақпағын алып тастау әдісі толтырылып жатқан сияның түріне байланысты әртүрлі болады.

! Маңызды:

Сияның кіріс қақпағын баяу алып тастаңыз. Егер қақпақты тым жылдам алып тастасаңыз, сия шашырауы мүмкін.


Техникалық қызмет көрсету

High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиядан басқа




High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сия үшін

- (1) Сияның кіріс қақпағын алу үшін суреттегі дөңгелектелген аймақта көрсетілген бөлікті ұстаңыз. Сияның ішкі қақпағы кез келген басқа бөлікпен алынған болса, сия жабысады.




- (2) Сия ыдысындағы шығыңқы орынға араластыру таяқшасын іліп қойыңыз.

Техникалық қызмет көрсету




10 Сия қаптамасының шығыс саңылауын жұлып алыңыз.



11 Сия ыдысына сия қаптамасындағы сияны толтырыңыз.

Сия қаптамасының шүмегін сия ыдысының сияның кіріс саңылауына салып, сияны төгу үшін жаймен еңкейтіңіз.



! Маңызды:

Сия бумасындағы сияның барлығын бір рет толтыру үшін қолданыңыз.

Басқа сия ыдыстарын толтыру үшін сия қаптамасындағы сияны пайдаланбаңыз.


Бұл қалған сия ескерту жүйесінің хабарларының дұрыс көрсетілмеуіне әкелуі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету


12 Сияның кіріс қақпағын сия ыдысына қойыңыз.

Сияның кіріс қақпағын бекіту әдісі толтырылып жатқан сияның түріне байланысты әртүрлі болады.

High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сиядан басқа




High Density Black (Тығыздығы жоғары қара) сия үшін



! Маңызды:

Сияның кіріс қақпағын ажырап қалмайтындай етіп қатты басыңыз. Егер сырғытпаны тартып жатқанда сияның кіріс қақпағына тисе, қақпақ зақымдалуы мүмкін.

13 Сия кірісінің қақпағын жабыңыз.



Қолданылған сияны тастау

Дайындау және ауыстыру уақыты

Prepare empty waste ink bottle.
хабарламасы шығады

Жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) мүмкіндігінше жылдам дайындаңыз.

Түнде жұмыс істеу және басқа себептермен Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын дереу ауыстыру қажет болғанда, бөтелкені ауыстырғаннан кейін техникалық қызмет көрсету мәзірінен Waste Ink Counter әрекетін орындаңыз. Егер Waste Ink Counter әрекетін орындамасаңыз, қолданылған сия есептегіші дұрыс жұмыс істемейді.

Техникалық қызмет көрсету мәзірі
☞ ["Maintenance мәзірі" бетте 62](#)

Қолданылған сия есептегіші ☞ ["Қолданылған сия есептегіші" бетте 91](#)


Техникалық қызмет көрсету

! Маңызды:

Егер экрандық нұсқаулар болмаса, басып шығару барысында немесе механизмдер тазартылып жатқанда Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын ешқашан алмаңыз. Қалдық сия ағуы мүмкін.

Replace waste ink bottle and press**OK** .хабары көрсетіледі

Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын жаңа бөтелкеге дереу ауыстырыңыз.

Ауыстыру процедурасы  "Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын ауыстыру" бетте 91

Қолданылған сия есептегіші


Принтер қолданылған сия контейнерін таусылған сияны тасымалдау үшін пайдаланып, есептегіш сақтандыру деңгейіне жеткен кезде келесі хабарларды көрсетеді.

Replace waste ink bottle and press **OK.**

Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысына жаңасына ауыстырғанда, есептегіш автоматты түрде тазаланады.

Қолданылған сия бөтелкесін хабар шықпай тұрып ауыстыру қажет болса, бөтелкені ауыстырғаннан кейін техникалық қызмет көрсету мәзірінен Waste Ink Counter әрекетін орындаңыз.

Техникалық қызмет көрсету мәзірі


 "Maintenance мәзірі" бетте 62**! Маңызды:**

Егер Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын хабар шықпай тұрып ауыстырсаңыз, онда қолданылған сия есептегішін әрқашан тазалаңыз. Кері жағдайда, Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ауыстыру уақыты келесі хабарламада дұрыс көрсетілмейтін болады.



Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын ауыстыру

Бөлшектерді ауыстыру үшін төмендегі процедураларды орындаңыз.

Осы процедураны бастау алдында келесіні міндетті түрде оқыңыз:

 "Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары" бетте 75

- 1** Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысын Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ұстағышынан алып тастаңыз.



Техникалық қызмет көрсету

Егер стопордың артқы жағы ластанған болса, оны сүртіңіз.


- 2** Жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) аузына қолданылған сия түтікшесін салып, Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) ұстағышқа орнатыңыз.

Пайдаланылған Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) қақпағын қатты жабыңыз.

! **Маңызды:**

- Қолданылған сия түтігінің қолданылған сия бөтелкесінің аузына салынғанын тексеріңіз. Егер түтікше бөтелкеге енгізілмеген болса, сия айналаға төгіледі.
- Қолданылған сияны утилизациялағанда Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) құрылғысына арналған қақпақ қажет болады. Оны қауіпсіз орында сақтаңыз, тастап жібермеңіз.

- 3** Стопорды түсіріңіз.




! **Маңызды:**

Сторпордың бөтелке аузына жабысып жабылғанын тексеріңіз. Егер саңылау болса, қолданылған сия шашырап, қоршаған ортаны ластауы мүмкін.

- 4** ОК түймесін басыңыз.

- 5** Жаңа Waste Ink Bottle (Қолданылған сия шишасы) дұрыс салынғанын растау үшін қайта тексеріңіз. Қолданылған сия есептегішін тазалау үшін ОК түймесін басыңыз.

 ["Қолданылған шығын материалдарын пайдалану" бетте 102](#)

Бітелген саңылауларды тазалау

Бітелген саңылаулар тазартылмайынша келесі әрекеттерді кезекпен орындаңыз және тексеріңіз.

Бітелген саңылауларды тексеру

Тексеру үлгісін басып шығарыңыз да, келесі тармақтарды тексеріңіз.

- Бітелген саңылаулар бар ма?
- Қай саңылаулар қатары бітелген?



Егер саңылаулар бітеліп қалса

Басып шығару механизмін (жеңіл) тазалаңыз

Басып шығару механизмін тазалаудың үш деңгейі бар; жеңіл, орташа және күшті.

Execute (Light) әрекетін орындаңыз, содан соң тексеру үлгісін басып шығарыңыз. Саңылаулардың тазаланғанын тексеру үшін арнайы үлгіні қолданыңыз.



Егер саңылаулар әлі де бітелген болса

Техникалық қызмет көрсету

Басып шығару механизмін (орташа) тазалаңыз

Execute (Medium) әрекетін орындаңыз, содан соң тексеру үлгісін басып шығарыңыз. Саңылаулардың тазаланғанын тексеру үшін арнайы үлгіні қолданыңыз.



Егер саңылаулар әлі де бітелген болса

Басып шығару механизмін (күшті) тазалаңыз

Execute (Heavy) әрекетін орындаңыз, содан соң тексеру үлгісін басып шығарыңыз. Саңылаулардың тазаланғанын тексеру үшін арнайы үлгіні қолданыңыз.



Егер саңылаулар әлі де бітелген болса

Принтердің ішін тазалау талап етіледі.

Басып шығару нәтижелеріне қарай келесі әрекеттерді орындаңыз.

Көлденең сызықтар шыққан немесе түстер дұрыс емес болған кезде


[“Көлденең сызықтар шыққан немесе түстер дұрыс емес болған кезде” бетте 71](#)

Егер сияның тамшылары пайда болса

[“Егер сияның тамшылары пайда болса” бетте 72](#)

Тексеру үлгісін басып шығару

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. **A•A** түймесін басыңыз. Maintenance мәзірі көрсетіледі.
- 2** **Nozzle Check** бөлектелгенін тексеріңіз және **OK** түймесін басыңыз. Растау диалогтық терезесі көрсетіледі.
- 3** Басып шығаруды тексеру үлгісін басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4** Саңылаулар үлгісін тексеріңіз. Автоматты түрде қабылдау орамына қағаз салынған кезде, қағаз тексеру үлгісін басып шығарғаннан кейін автоматты түрде кесілмейді. Егер тексеру үлгісі нашар көрінсе, келесі процедураны қолдану арқылы қағазды беруге және бұдан кейін тексеру әрекетін орындауға болады.
 - (1)** түймесін басыңыз.
 - (2)** Тексеру үлгісі оңай көрінгенге дейін қағаздың берілуін жалғастыру үшін түймесін басыңыз.

Техникалық қызмет көрсету

- (3) Тексеру үлгісін тексергеннен кейін, қағазды қайта орау үшін ▲ түймесін басыңыз.
- (4) Мәзірге оралу үшін ⏪ түймесін басыңыз.


Таза саңылаулардың мысалы



Саңылауларды тексеру үлгісінде бос орындар жоқ.

Мәзірді жабу үшін **Exit** параметрін таңдаңыз, содан соң OK түймесін басыңыз.

Бітелген саңылаулардың мысалы



Үлгінің бөліктері жоқ болса, басып шығару механизмін тазалауды орындаңыз.

📖 "Басып шығару" бетте 94

! Маңызды:

Пайдалануды жалғастырмай тұрып барлық түстің саңылауларынан әрқашан бітелулерді кетіріңіз. Егер бітелген саңылаулар (қолданылмайтын түстерге арналған бітелген саңылауларды қамтиды) қалса, онда қарау қолданысынан кейін басып шығару кезінде бітелгендер енді жойылмайды.


Басып шығару

Егер тексеру үлгісінде әлсіз білінетін немесе мүлдем көрінбейтін бөліктер болса, басып шығару механизмін тазалау арқылы саңылаулардың бітеліп қалған жерлерін ашуға болады.

Егер басып шығару нәтижесінде солғын аймақтар немесе басқа түс ақаулары болған жағдайда басып шығару механизмін тазалау қажет емес.

Басып шығару механизмін тазалау процедурасы

Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер



- 1** Принтер басып шығаруға дайын екенін тексеріңіз. A>A түймесін басыңыз.

Maintenance мәзірі көрсетіледі.

- 2** ▼/▲ түймелерін басып **Head Cleaning** бөлектеңіз және OK түймесін басыңыз.

- 3** Тазалау үшін саңылау жолдарын көрсету әдісін таңдаңыз.

All Nozzles

Басылған үлгіні тексеріңіз және барлық үлгілерде анық емес немесе жоқ аумақтары болса, осы әдісті таңдаңыз.

All Nozzles параметрін таңдасаңыз, 5-қадамды өткізіп жіберіңіз.

Selected Nozzles

Басылған үлгіні тексеріңіз және тек қана белгілі үлгі сандарында (саңылау жолдарында) анық емес немесе жоқ аумақтары болса, осы әдісті таңдаңыз. Бірнеше саңылаулар қатарын таңдауға болады.

Техникалық қызмет көрсету

- 4** Тазалау үшін саңылаулардың қатарларын таңдаңыз.
- ❑ ▼/▲ түймелерін басып, ашық немесе жоқ бөлімдері бар тексеру үлгілеріне сай нөмірлерді ажыратып көрсетіңіз және таңдау үшін ОК түймесін басыңыз.
 - ❑ Басып шығару механизмін тазалау үшін барлық саңылау жолдарын таңдағаннан кейін **Proceed** параметрін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

- 5** Тазалау деңгейін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

Алдымен, **Execute (Light)** параметрін пайдаланыңыз.

- 6** Басып шығару механизмін тазалау орындалады.


Басып шығару механизмін тазалағаннан кейін, бастиектердің барлығының тазаланғанына көз жеткізу үшін басып шығарылған тексеру үлгісін қарап шығыңыз.

Сүрткіштерді және сүрткіш тазалағыштарын ауыстыру


Егер басып шығару механизмін тазалауды, сондай-ақ қақпақты тазалауды бірнеше рет орындағаннан кейін де басып шығару нәтижелері жақсармаса, сүрткішті және сүрткіш тазалағышын ауыстырыңыз.


Бөлшектерді ауыстыру үшін төмендегі процедураларды орындаңыз.

Осы процедураны бастау алдында келесіні міндетті түрде оқыңыз:

 [“Техникалық қызмет көрсетуге қатысты сақтық шаралары” бетте 75](#)


Келесі параметрлерде пайдаланылатын түймелер




- 1** Принтер қосулы болуы керек. ◀/▶ түймелерін пайдаланып  қойындысын таңдаңыз да, ОК түймесін басыңыз.
“Maintenance” мәзірі көрсетіледі.
- 2** **Head Cap Cleaning** параметрін таңдау үшін ▲/▼ түймелерін пайдаланыңыз, содан соң ОК түймесін басыңыз.
- 3** ОК түймесін басыңыз.
Басып шығару механизмі тазалау қалпына жылжытылады.

Техникалық қызмет көрсету


- 4** Техникалық қызмет көрсету қақпағын ашу үшін басқару тақтасындағы нұсқауларды орындаңыз.



- 5** Шыны тазалау құралын алып тастаңыз. Тазалағышты көрсетілгендей ұстап, принтерден көтеріп шығарыңыз.




- 6** Жаңа шыны тазалау құралын салыңыз. Бекітілетін орнына қойып, сырт еткен дыбыс естілгенше төмен қарай басыңыз.




Техникалық қызмет көрсету

- 7** Шыны тазалағышты алып тастаңыз.
Шыны тазалағышты бекіту орнынан ұстап, солға қарай еңкейтіп шығарыңыз.




- 8** Жаңа шыны тазалағышты салыңыз.
Сүрткіштің сүрту бөлігіндегі қақпақты алыңыз.
Бекітілетін орнына қойып, сырт еткен дыбыс естілгенше төмен қарай басыңыз.



- 9** Ауыстырудан кейін, техникалық қызмет көрсету қақпағын жауып, ОК түймесін екі рет басыңыз.

Қолданылған тазалағыштар мен шыны тазалағыштарды тастау

